- 🔋 Қашықтан басқару құралын тік сызық бойынша өнімнен шамамен 7 метр қашықтықта қолдануға болады.



# Қосылымдар

Бұл бөлімде өнімді басқа сыртқы құрамдас бөліктерге қосудың әртүрлі әдістері сипатталған. Өнімді жылжитпас немесе орнатпас бұрын, қуаттың және қуат сымның ажыратылғанын тексеріңіз.

## Динамиктерді қосу



### Өнімнің орны

Оны тірекке немесе шкафтың сәресіне не болмаса ТД үстелінің астына қойыңыз.

### Тыңдау орнын таңдау

Тыңдау орны теледидардан оның экранының өлшемінен 2,5-3 есе асатын қашықтықта болуы қажет. Мысалы, экранның өлшемі 46 дюйм болса, тыңдау орнын экраннан 2,92-3,50 метрге орналастырыңыз.

<b>Алдыңғы динамиктер</b>	Бұл динамиктерді тыңдау орнының алдына, сізге қарай ішке қаратып (шамамен 45°) орналастырыңыз. Алдыңғы динамиктерді жоғары жиілік дауыс зорайтқыштары құлағыңызбен бір биіктікте болатындай орналастырыңыз. Алдыңғы динамиктердің алдыңғы жағын ортаңғы динамиктің алдыңғы жағына дәлдеп немесе одан сәл алға шығарып орналастырыңыз.
<b>Ортаңғы динамик</b>	Ортаңғы динамикті алдыңғы динамиктермен бір биіктікте орнатқан дұрыс. Сондай-ақ, оны теледидардың дәл үстіне немесе астына орнатуға болады.
<b>Көлемді динамиктер</b>	Бұл динамиктерді тыңдау орнының жанына орналастырыңыз. Орын жетпесе, бұл динамиктерді бір-біріне қаратып орналастырыңыз. Оларды сәл төмен қаратып, құлағыңыздан 60-90 см жоғары болатындай орналастырыңыз. * Алдыңғы және ортаңғы динамиктерден өзгешелігі — көлемді динамиктер көбінесе дыбыс әсерлері үшін қолданылады. Олардан дыбыс әрдайым шығып тұрмайды.
<b>Сабуфер</b>	Сабуфердің орны аса маңызды емес. Оны қалаған жерге қойыңыз.

\* Динамиктеріңіздің сыртқы түрі осы нұсқаулықтағы суреттердегіден өзгеше болуы мүмкін.


\* Динамиктердің кабельдерін динамиктің артындағы түсті жапсырмаға сәйкес келтіріп, дәл сондай түстегі ұяшыққа салыңыз. Нақты нұсқауларды 9-беттен қараңыз.

## Динамиктерді биік тірекке орнату

\* Тек НТ-Н5530К - Алдыңғы динамиктер

\* Тек НТ-Н5550К - Алдыңғы/көлемді динамиктер


1. Тірек негізін төңкеріп, оны тірекке жалғаңыз.
2. 3 белгіленген тесіктегі бұрандаларды салу үшін бұраушыты пайдаланыңыз.
3. Бірге берілген динамик сымын жер тартылысы бағытында түзетіп, оны тірек негізінің ортасындағы тесікке кіргізіңіз.
4. Жоғарғы динамикті құрылған тірекке жалғаңыз.
5. Бұранданы динамиктің артқы жағындағы тесікке бұраушымен сағат тілінің бағытында бұрап, кіргізіңіз. Одан кейін, динамик кабелін қосыңыз.
6. Бұл динамик орнатылғаннан кейінгі көрініс. Басқа динамиктерді орнату үшін осы қадамдарды орындаңыз.



## Динамик кабелінің қосылымдары

1. Әр бумадағы түспен белгіленген сымды әр динамиктің түбіндегі түспен белгіленген жапсырмаға сәйкес келтіру арқылы динамик кабельдерінің әрбір жұбын тиісті динамикке сәйкес келтіріңіз.
2. Динамик кабельдері ұштарының түстерін динамик ұяларындағы түстерге сәйкестендіріп, әрбір динамиктегі сымның ұштарын өнімнің артқы жағына жалғаңыз.

### НТ-Н5530К жағдайында




# Қосылымдар

- ✎ Динамикті теледидардың жанына қойсаңыз, экранның түсі магниттік өріс себебінен бұрмалануы мүмкін.
- ✎ Өнімнің жанында қысқа толқынды пеш, сымсыз жергілікті желі картасы, Bluetooth құрылғысы немесе 2,4/5,8 ГГц жиіліктерін пайдаланатын кез келген басқа құрылғы пайдаланылса, кедергіге байланысты динамиктерден шығатын дыбыс бұрмалануы мүмкін.

## | АБАЙЛАҢЫЗ |

- ▶ Динамиктерді қабырғаға орнату керек болса, динамиктер ілінетін қабырғаның бөлігіне бұрандаларды немесе шегелерді (жабдықпен бірге берілмейді) нық бекітіп, әр динамиктің артындағы тесіктері арқылы динамиктерді бұрандаға не шегеге іліңіз.
- ▶ Балаларға динамиктердің жанында немесе олармен ойнауға рұқсат бермеңіз. Динамик құлап кетсе, олар бір жерін ауыртып алуы мүмкін.
- ▶ Динамик сымдарын динамиктерге жалғаған кезде полярлық (+/-) дұрыс екендігіне көз жеткізіңіз.
- ▶ Балалар сабвуфер динамигінің түтігіне (тесігіне) қолдарын немесе бөгде заттарды салуына жол бермеу үшін, сабвуферді балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- ▶ Сабвуферді қабырғаға түтігі (тесігі) арқылы ілмеңіз.

## Теледидарға және сыртқы құрылғыларға жалғау



### Теледидарға жалғау

Өнімнің HDMI OUT ұясын HDMI кабелі (жинақпен бірге берілмейді) арқылы теледидардың HDMI IN ұясына жалғаңыз. Теледидар ARC мүмкіндігіне қолдау көрсетсе, тек осы кабельді жалғап үй кинотеатрынан теледидар дыбысын естуге болады. Толық мәліметтерді осы нұсқаулықтың 16-бетінен және теледидар пайдаланушы нұсқаулығының ARC мүмкіндігі сипатталған бөлігінен көріңіз.

### Сыртқы құрылғыларға жалғау

Құрылғыны жалғағаннан кейін сыртқы құрылғы үшін дұрыс режимді таңдау үшін, **FUNCTION** түймесін басыңыз. Түйме басылған сайын режим мына ретпен ауысады:

**BD/DVD → D. IN → AUX → FM → BT**

Үй кинотеатрына сыртқы құрылғыларды жалғаудың екі әдісі төменде түсіндірілген.

#### 1-әдіс **AUX IN: Сыртқы аналогтық құрамдас бөлікті жалғау**

RCA дыбыс кабелін (бірге берілмейді) пайдаланып өнімдегі AUDIO In ұясын сыртқы аналогтық құрамдас бөліктегі AUDIO Out ұясына жалғаңыз. ⇨ **AUX** режимін таңдаңыз.

- Кабель ұштарындағы түстерді кіріс және шығыс ұяларындағы түстермен міндетті түрде сәйкестендіріңіз.

#### 2-әдіс **ОПТИКАЛЫҚ: Сыртқы сандық дыбыс құрамдас бөлігін жалғау**


Кабель қораптары және жерсерік қабылдағыштары (телеприставкалар) сияқты сандық сигнал құрамдас бөліктерінің сандық дыбыс шығысын жалғау үшін пайдаланыңыз: Сандық оптикалық кабельді (бірге берілмейді) қолдана отырып, өнімдегі Optical Digital Audio In ұясын сыртқы сандық құрылғының Digital Optical Out ұясына сандық оптикалық кабель көмегімен жалғаңыз. ⇨ **D. IN** режимін таңдаңыз.

- ☞ Кабельді теледидар блогынан/жерсерік ресиверінен бейне материалдарды көру үшін, оның бейне шығыс ұясын теледидарға жалғау керек.
- ☞ Бұл жүйе сандық сыртқы құрамдас бөліктерден келетін 32 кГц немесе одан жоғары сандық дискретизация жиіліктерін қолдайды.
- ☞ Бұл жүйе тек DTS және Dolby Digital дыбысына қолдау көрсетеді. MPEG дыбысы, бит ағынының пішімі үшін қолдау көрсетілмейді.

## Желілік маршрутизаторға жалғау

Төменде көрсетілген әдістердің бірін пайдалану арқылы өнімді желілік маршрутизаторға жалғауға болады.

### Сымды желі



- Маршрутизатор немесе Интернет қызметі провайдерінің саясаты өнімнің Samsung бағдарламалық құралын жаңарту серверіне қосылуына тыйым салуы мүмкін. Егер бұл орын алса, қосымша ақпарат алу үшін Интернет қызметінің провайдеріне (ISP) хабарласыңыз.
- DSL пайдаланушылары желіге қосылу үшін маршрутизаторды қолдануы қажет.
- DLNA функциясын пайдалану үшін, компьютерді желіге жоғарыдағы суреттегідей жалғау керек. Байланыс сымды немесе сымсыз болуы мүмкін.



### Сымсыз желі





- Егер сымсыз маршрутизатор DHCP протоколын қолдаса, бұл өнім сымсыз желіге қосылу үшін DHCP немесе статикалық IP мекенжайын қолдануы мүмкін.
- Сымсыз маршрутизаторды «Инфрақұрылым» режиміне қойыңыз. Ad-hoc режиміне қолдау көрсетілмейді.
- Өнім тек төменде берілген сымсыз қауіпсіздік кілттерінің протоколдарын қолдайды:
  - WEP (OPEN/SHARED), WPA-PSK (TKIP/AES), WPA2-PSK (TKIP/AES)
- Сымсыз IP маршрутизаторындағы ағымдағы уақытта қолданылмай тұрған арнаны таңдаңыз. Егер сымсыз IP маршрутизаторына жақын жерде орналасқан басқа құрылғы пайдаланып жатқан арна орнатылса, бұл кедергілер мен байланыс ақаулықтарын тудыруы мүмкін.
- Ең жаңа Wi-Fi куәлігінің техникалық сипаттамаларына сай, Samsung үй кинотеатрлары WEP, TKIP немесе TKIP-AES (WPS2 аралас) қауіпсіздік шифрын 802.11n режимінде іске қосылған желілерде қолдамайды.
- Сымсыз жергілікті желі, өз табиғаты бойынша, пайдалану жағдайларына байланысты (кіру нүктесінің жұмысы, қашықтық, кедергілер, басқа радио құрылғыларынан болатын кедергілер, т.б.) кедергілер туғызуы мүмкін.

## Бастапқы параметрлерді орнату процедурасы

- Бастапқы параметрлер реттелмесе, Басты мәзір пайда болмайды.
- Бағдарламалық құралдың нұсқасын жаңартқаннан кейін өнімнің OSD (Экрандағы дисплей) дисплейі өзгеруі мүмкін.
- Таңдалған мәзірге қарай кіру қадамдары әртүрлі болуы мүмкін.

1. Өнімді жалғағаннан кейін теледидарды, содан кейін өнімді қосыңыз. Өнімді бірінші рет қосқанда, өнім **Initial Settings** тілі экранын автоматты түрде көрсетеді.
2. ▲▼ түймелерінің көмегімен қажетті тілді таңдап,  түймесін басыңыз.
3. Функция параметрлерін орнатуды бастау үшін  түймесін басыңыз.





4. **TV Aspect** экраны ашылады. Теледидар кадрының пішімін таңдау үшін ▲▼ түймелерін, содан кейін  түймесін басыңыз. Төрт пішімнің бірін таңдауға болады: **16:9 Original** - Кең экранды теледидарлар үшін. Кең экранды суреттерді олардың бастапқы 16:9 пішімінде, ал 4:3 суреттерді (ескі, стандартты пішім) 4:3 пошталық жәшік пішімінде сол және оң жағында қара жолақтармен көрсетеді. **16:9 Full** - Кең экранды теледидарлар үшін. Кең экранды суреттерді олардың бастапқы 16:9 пішімінде көрсетеді және 4:3 пішіміндегі суреттерді 16:9 пішіміндегі экран толық қамтылатындай етіп кеңейтеді. **4:3 Letter Box** - Ескі үлгідегі, экрандары стандартты, аналогтық теледидарлар үшін. 4:3 пішіміндегі суреттерді толық экранда көрсетеді және 16:9 пішіміндегі пошталық жәшік пішімінде көрсетеді, 16:9 кадр пішімі сақталады, бірақ суреттің үсті мен астына қара жолақтар қойылады.

**4:3 Pan-Scan** - Ескі үлгідегі, экрандары стандартты, аналогтық теледидарлар үшін. 4:3 пішіміндегі суреттерді толық экранда көрсетеді және 16:9 пішіміндегі суреттерді сөрелік шолу пішімінде көрсетеді, экран толық қамтылады, бірақ суреттің сол және оң жақ шеттері қиылып, ортасы тігінен үлкейтіледі.

### 5. **Network** экраны ашылады.


- Бастамас бұрын өнімнің маршрутизаторға жалғанғанын растаңыз.
- Желі ортасына байланысты сымды не сымсыз режиміне орнатыңыз.
- Тұрақты IP мекенжайы бар желі пайдаланылса, **КӨК (D)** түймесін басу арқылы **Skip** пәрменін таңдау ұсынылады.

 Егер осы қадамда желіні орнату жасалмаса немесе желі дұрыс орнатылмаса, өнімнің желі байланыстарын кейін орнатуға болады. (18-бетті қараңыз)



6. Өнім желі қосылымын тексеріп, одан кейін желіге қосылады. Бұл орындалған кезде,  түймесін басыңыз. Алдымен «**Initial settings completed.**» экраны, содан кейін Басты экраны ашылады.
-  Өзгерістер енгізу мақсатында **Initial Settings** экранын қайта көрсету үшін **Reset** опциясын таңдаңыз. (18-бетті қараңыз)
-  Өнімді Anynet+ (HDMI-CEC) талаптарына сай Samsung теледидарына жалғау үшін HDMI кабелін қолдансаңыз және 1.) өнім мен теледидардың екеуінде де **Anynet+ (HDMI-CEC)** мүмкіндігі үшін «On» (Қосулы) опциясы таңдалған және 2.) теледидарда өнім қолдайтын тіл орнатылған болса, өнім сол тілді автоматты түрде қалаулы тіл деп таңдайды.

## Басты экраны туралы қысқаша мәлімет



### 1 Play disc

Қазір науаның ішінде тұрған диск көрсетіледі. Дискіні ойнатуды бастау үшін түймесін басыңыз.

### 2 Photos/Videos/Music

Диск, USB, компьютер немесе ұялы құрылғылардағы фотосуреттерді, бейнелерді немесе музыка мазмұнын ойнатыңыз.

### 3 Қолданбалар

Түрлі ақылы немесе тегін бағдарламаларға кіру. (Accuweather, YouTube, Twitter, Hotlist, Picasa)

### 4 Opera TV Store

Теледидарға арналған веб негізіндегі қолданбаны қол жетімді етеді.

### 5 Screen Mirroring

Үй кинотеатры мен смартфон немесе планшет арасында сымсыз айна функциясын орнатыңыз.

### 6 Change Device

Басты жабдыққа жалғанған сыртқы құрылғылар тізімін көрсетеді. Керекті құрылғыға ауыстырып қосыңыз.

### 7 Function

Сыртқы құрылғыға, радиоға және Bluetooth қосылымы үшін режимді ауыстырып қосу мақсатында пайдаланыңыз. Режимді ауыстырып қосу үшін қашықтан басқару құралының **ФУНКЦИЯ** түймесін және негізгі жабдықтағы түймесін пайдалануға болады.


### 8 Settings

Әртүрлі функцияларды жеке қалауыңызға сай орнатыңыз.

Компьютердегі бейнені, музыканы немесе фотосуретті ойнату немесе көру үшін, үй кинотеатры мен компьютерді үй желісіне жалғап, DLNA бағдарламалық құралын компьютерге жүктеп алып, орнату және параметрлерін реттеу керек. (23-бетті қараңыз)


## Settings экранына кіру

1. Басты экранында **Settings** тармағын таңдап, түймесін басыңыз. **Settings** экраны ашылады.



2. **Settings** экранындағы мәзірлерге, ішкі мәзірлерге және параметрлерге кіру үшін қашықтан басқару құралының суретін қараңыз. (15-бетті қараңыз)
- Өнім тоқтатылған режимде еш қолданылмастан 5 минуттан артық тұрса, теледидардың экранында экран қорғаушы пайда болады. Өнім экран қорғаушы режимінде 20 минуттан артық тұрса, электр қуаты автоматты түрде ажыратылады.

## Settings мәзірінде қолданылатын қашықтан басқару құралындағы түймелер



1	HOME түймесі: Басты экранына өту үшін басыңыз.
2	RETURN түймесі: Алдыңғы мәзірге оралу үшін басыңыз.
3	<p>☰ (ЕНГІЗУ) / БАҒЫТ түймесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Меңзерді жылжыту немесе элементті таңдау үшін ▲▼◀▶ түймелерін басыңыз.</li> <li>• Таңдалып тұрған элементті іске қосу немесе орнатуды растау үшін ☑ түймесін басыңыз.</li> </ul>
4	EXIT түймесі: Ағымдағы мәзірден шығу үшін басыңыз.

### Функциялар туралы толық ақпарат

Әрбір **Settings** функциясы, мәзір элементі және жеке параметр экранда толығымен түсіндіріледі. Түсіндірмені көру үшін ▲▼◀▶ түймелерін басып, функцияны, мәзір элементін немесе параметрді таңдаңыз. Түсіндірме әдетте экранның төменгі жағында көрсетіледі.

Әрбір **Settings** функциясының қысқаша сипаттамасы осы беттен басталады. Кейбір функциялар туралы қосымша ақпарат осы нұсқаулықтың «Қосымша» бөлімінде берілген.

## Settings мәзірінің функциялары

### Display

#### 3D Settings

3D технологиясына қатысты функцияларды орнатыңыз.

- ✓ **3D Blu-ray Playback Mode:** 3D мазмұндары бар Blu-ray дискісі 3D режимінде ойнатылатынын немесе ойнатылмайтынын таңдаңыз. 3D режимінде басты мәзіріне өтсеңіз, өнім автоматты түрде 2D режиміне ауысады.
- ✓ **Screen Size:** өнімге тіркелген теледидар өлшемін енгізіңіз. Өнім 3D шығысын теледидардың экран өлшеміне автоматты түрде бейімдейді.

☞ 3D мазмұнын тамашалау алдында денсаулыққа және қауіпсіздікке қатысты ақпаратты мұқият оқып шығыңыз. (3-бетті қараңыз)

#### TV Aspect Ratio

Өнімнің шығысын теледидардың экран өлшеміне сәйкес келтіріп реттеуге мүмкіндік береді. (37-бетті қараңыз)

#### BD Wise

**BD Wise** — Samsung компаниясының ең соңғы өзара қосылу мүмкіндігі. **Samsung** өнімі мен **BD Wise** мүмкіндігі бар Samsung теледидарын HDMI кабелі арқылы бір-біріне жалғап, **BD Wise** мүмкіндігі екеуінде де бар болғанда, өнім бейне сигналын Blu-ray/DVD дискісінің бейне ажыратымдылығымен және кадр жиілігімен шығарады.

#### Resolution

HDMI бейне сигналының шығыс ажыратымдылығын **BD Wise, Auto, 1080p, 1080i, 720p, 576p/480p** режимдеріне орнатуға мүмкіндік береді. Сан әр кадрдағы бейненің жолақтар санын білдіреді. «f» және «p» әріптері тиісінше жолақ аралық және прогрессивті сканерлеуді білдіреді. Жолақтар неғұрлым көп болса, сапа соғұрлым жоғары болады.

#### Movie Frame (24 fps)

**Movie Frame (24 fps)** мүмкіндігін **Auto** мәніне орнату өнім 24 кадрлік үйлесімді теледидарға тіркелген жағдайда жақсы сурет сапасы үшін оған HDMI шығысын секундына 24 кадр етіп автоматты түрде орнатуға мүмкіндік береді.

- **Movie Frame (24 fps)** мүмкіндігін тек осы кадр жиілігін қолдайтын теледидарларда пайдалануға болады.
- Бейнекадр мүмкіндігін өнім HDMI 1080p шығыс ажыратымдылығы режимінде болғанда ғана пайдалануға болады.

# Параметрлер

## HDMI Colour Format

Жалғанған құрылғының (теледидар, монитор, т.б.) мүмкіндіктеріне сәйкес келетін HDMI шығыс сигналы үшін түс кеңістігінің пішімін орнатуға мүмкіндік береді.

## HDMI Deep Colour

Өнімді бейнені HDMI OUT ұясынан қанық түспен шығаратын етіп орнатуға мүмкіндік береді. Қанық түс мүмкіндігі түс қанықтығын арттырып, түстерді дәлірек көрсетуге мүмкіндік береді.

## Progressive Mode

DVD дискілерін ойнатқанда, кескін сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

## Audio

### Karaoke scoring

Бұл мүмкіндік ән айту қабілетіңізді бағалайды және айтылған әр ән үшін ұпай береді.

### My karaoke

Karaoke мүмкіндігін пайдалану кезіндегі вокалдардың дыбыс деңгейін орнатыңыз.

- ✓ **Original Vocals:** Дыбыс деңгейі бастапқы дыбыс деңгейіне орнатылған.
- ✓ **Reduce Vocals:** Дыбыс деңгейі бастапқы дыбыс деңгейінен төмен деңгейге орнатылған.

## Speaker Settings

Келесі динамик параметрлерін реттеуге және динамиктерді тексеру үшін үнді қосуға және өшіруге мүмкіндік береді.

- ✓ **Level:** әрбір динамиктің қатысты дыбыс қаттылығын 6 дБ-ден -6 дБ-ге дейін реттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, терең бассты ұнатсаңыз, сабвуфердің дыбыс қаттылығын 6 дБ-ге көтере аласыз.
- ✓ **Distance:** әрбір динамиктің қатысты қашықтығын тыңдау позициясынан 9 метрге дейін реттеуге мүмкіндік береді. Қашықтық алыс болған сайын, динамик дыбысы жоғарылау болады.
- ✓ **Test Tone:** реттеулерді тексеру үшін **Test Tone** функциясын іске қосуға мүмкіндік береді. **Test Tone** функциясы үшін **On** параметрі таңдалғанда, **Test Tone** іске қосылады. **Off** параметрі таңдалғанда өшіріледі.

## Speaker Selection

Теледидар динамиктерін немесе үй кинотеатрының динамиктерін іске қосуды таңдауға мүмкіндік береді.

## Audio Return Channel

Дыбысты теледидардан үй кинотеатрының динамиктеріне бағыттауға мүмкіндік береді. HDMI қосылымын және **Audio Return Channel (ARC)** функциясымен үйлесімді теледидарды талап етеді.

- **Audio Return Channel** функциясы қосулы болса және өнімді теледидарға жалғау үшін HDMI кабелі пайдаланылса, сандық оптикалық кіріс жұмыс істемейді.
- **Audio Return Channel** функциясы үшін **Auto** опциясы таңдалған болса және өнімді теледидарға жалғау үшін HDMI кабелі пайдаланылса, ARC не сандық оптикалық кіріс автоматты түрде таңдалады.

## Digital Output

Өнімге жалғанған AV-ресивер мүмкіндіктеріне сәйкес келетін **Digital Output** сигналын орнатуға мүмкіндік береді. Қосымша мәліметтерді сандық шығыс сигналын таңдау кестесінен көруге болады. (42-бетті қараңыз)

## Dynamic Range Control

Динамикалық ауқымды бақылау мүмкіндігін Dolby Digital, Dolby Digital Plus және Dolby TrueHD дыбыс жүйесіне қолдануға мүмкіндік береді.

- ✓ **Auto:** Dolby TrueHD дыбыс жолындағы ақпарат негізінде Dolby TrueHD дыбысының динамикалық ауқымын автоматты түрде басқарады. Сондай-ақ, Dolby Digital және Dolby Digital Plus үшін динамикалық ауқым бақылауын қосады.
- ✓ **Off:** динамикалық ауқымды қыспай, бастапқы дыбысты естуге мүмкіндік береді.
- ✓ **On:** барлық үш Dolby пішімі үшін динамикалық ауқым бақылауын қосады. Әлсіз дыбыстар күшейтіледі және қатты дыбыстардың деңгейі төмендетіледі.

## Downmixing Mode

Стерео жүйемен үйлесімді бірнеше арналы араластыру әдісін таңдауға мүмкіндік береді. Өнімді арналар саны **Normal Stereo** не **Surround Compatible** функциясымен үйлесімде арналар санына қысқартылатындай етіп орнатуға болады.

### Audio Sync

Өнім сандық теледидарға тіркелгенде, дыбыс бейнемен қадамдасуы үшін бейне кідірісін реттеуге мүмкіндік береді. Кідірісті 0 және 300 миллисекунд арасында орнатуға болады.

### Network

#### Network Settings

Интернет қызметтері немесе DLNA Wi-Fi мүмкіндігі сияқты әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалану және бағдарламалық құралды жаңарту үшін желі қосылымын реттеуге мүмкіндік береді.

#### Network Test

Интернет протоколы параметрлерінің орнатылуын тексеріп, оның дұрыс жұмыс істеп тұрғанын көруге мүмкіндік береді.

#### Network Status

Ағымдағы желі және Интернет күйін тексеруге мүмкіндік береді.

#### Wi-Fi Direct

Сымсыз маршрутизаторсыз, тең құқылы желі арқылы **Wi-Fi Direct** құрылғысын өнімге қосуға мүмкіндік береді. **Wi-Fi Direct** байланысын қолданғанда сымсыз желіге жалғанған өнім ажыратылуы мүмкін екенін ескеріңіз. ((21-бетті қараңыз)

📎 TXT немесе .DOC кеңейтімі бар файлдар сияқты мәтіндік файлдар **Wi-Fi Direct** функциясын пайдаланғанда көрсетілмейді.

#### Screen Mirroring

**Screen Mirroring** функциясы смартфонның немесе смарт құрылғының экранын үй кинотеатры жүйесіне қосылған теледидарда көруге мүмкіндік береді. (35-бетті қараңыз)

#### Device Name

Өнімге анықтамалық атау тағайындауға мүмкіндік береді. Бұл атауды өнімге сыртқы құрылғыларды (смартфондар, планшеттер, т.б.) қосқанда, оны анықтау үшін пайдалана аласыз.

### BD-Live Internet Connection

BD-Live қызметі үшін Интернет қосылымына рұқсат етуге немесе оған тыйым салуға мүмкіндік береді.

### System

#### Initial Settings

**Initial Settings** процедурасын қайта іске қосуға мүмкіндік береді. (13-бетті қараңыз)

#### Quick start

Жүктелу уақытын азайту арқылы қуатты жылдам қосуға болады.

🔌 Егер бұл функция **On** күйіне орнатылса, күту режиміндегі қуат тұтыну мөлшері артады. (Шамамен 12 Вт ~ 20 Вт)

#### Anynet+ (HDMI-CEC)

Anynet+ дегеніміз Anynet+ мүмкіндігі бар басқа Samsung өнімдерімен байланысып әрекет ету және сол өнімдерді бір Samsung теледидарының қашықтан басқару құралымен басқаруға мүмкіндік беретін қолайлы функция болып табылады. Бұл функцияны пайдалану үшін осы өнімді HDMI кабелімен Anynet+ Samsung теледидарына жалғау қажет.

#### BD Data Management

BD-LIVE қызметін қолдайтын Blu-ray дискісі арқылы жүктеп алынған мазмұнды басқаруға мүмкіндік береді. Сақтау орнымен қоса, BD Live деректерін сақтау үшін пайдаланып отырған USB құрылғысы туралы ақпаратты көруге болады. BD Live деректерін жойып, құрылғыны өзгертуге де болады.

#### DivX® Video On Demand

DivX® VOD мазмұнын сатып алу және ойнату үшін, DivX® VOD тіркеу кодтарын қараңыз.

### Language

Экран мәзірі, диск мәзірі, т.б. үшін тілді таңдауға мүмкіндік береді.

- Таңдалған тіл дискіде оған қолдау бар болса ғана көрсетіледі.

# Параметрлер

## Security

Әдепкі PIN коды – 0000. Өз PIN кодыңызды жасамаған болсаңыз, қауіпсіздік функциясына кіру үшін әдепкі PIN кодын енгізіңіз.

### BD Parental Rating

PIN енгізілмеген жағдайда белгілі бір жас рейтингіндегі немесе одан жоғары рейтинг көрсетілген Blu-ray дискілерін ойнатуға жол бермейді.

### DVD Parental Rating

PIN енгізілмеген жағдайда белгілі бір сандық рейтингтен жоғары рейтингке ие DVD дискілерін ойнатуға жол бермейді.

### Change PIN

Қауіпсіздік функцияларына кіру үшін пайдаланылатын 4 санды PIN кодын өзгертіңіз.

## General

### Time Zone

Аймаққа сәйкес уақыт белдеуін көрсетуге мүмкіндік береді.

## Support

### Software Upgrade

Осы функция туралы қосымша ақпаратты 22-беттен қараңыз.

### Contact Samsung

Өнімді пайдалану туралы көмек алу үшін қажетті хабарласу ақпаратын береді.

### Terms of Service Agreement

Үшінші тарап мазмұны мен қызметтеріне қатысты жалпы бас тарту мәлімдемесін қараңыз.

### Reset




Желіден басқа барлық параметрлерді әдепкі қалпына қайтарады. Қауіпсіздік PIN кодын енгізуді талап етеді. Әдепкі қауіпсіздік PIN коды – 0000.

## Желі параметрлерін орнату

Осы өнім желіге қосылғанда, BD-LIVE сияқты желіге негізделген бағдарламалар мен функцияларды қолдануға және өнімнің бағдарламалық құралын желілік байланыс арқылы жаңартуға болады.

## Желі қосылымының параметрлерін реттеу



Желілік байланысты реттеуді бастау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басты экранында **Settings** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
2. **Network** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
3. **Network Settings** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
4. Төмендегі сымды желілерге арналған нұсқауларға немесе сымсыз желілерге арналған нұсқауларға өтіңіз. (19-бетті қараңыз)

## Сымды желі

### Wired – Автоматты


Жоғарыдағы 1-3 қадамдарын орындағаннан кейін:


1. **Network Settings** экранында **Network Type** үшін **Wired** параметрін таңдаңыз. Содан кейін, **Connect** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз. Өнім сымды қосылымды анықтап, желі қосылымын тексереді де, одан кейін желіге қосылады.
2. Аяқтағаннан кейін, **OK** опциясын бөлектеп,  түймесін басыңыз.


### Wired – Қолмен

Тұрақты IP мекенжайы бар болса немесе автоматты процедурасы жұмыс істемесе, **Network Settings** мәндерін қолмен орнату қажет болады.

Жоғарыдағы 1-3 қадамдарын орындағаннан кейін:

1. **Network Settings** экранында **Network Type** үшін **Wired** параметрін таңдаңыз. Содан кейін, **Connect** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз. Өнім желіні іздеп, байланыс жасалмағаны туралы хабарды көрсетеді.

 Үй кинотеатрын желіге сымсыз қосу мүмкін болса, осы жерден **Change Network** параметрін таңдап, **Network Type** параметрін **Wireless** параметріне өзгертіңіз де, сымсыз желілер бойынша нұсқауларға өтіңіз. (19-бетті қараңыз)



2. **IP Settings** параметрін таңдау үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз да, одан кейін **IP Settings** түймесін басыңыз. **IP Settings** экраны ашылады.
  3. **IP Setting** өрісін таңдап, оны **Enter manually** параметріне орнатыңыз.
  4. Енгізлетін параметрді таңдаңыз да (мысалы, **IP Address**), **Enter** түймесін басыңыз. Қашықтан басқару құралындағы санды түймелерді пайдаланып, параметр үшін сандарды енгізіңіз. Сондай-ақ, сандарды ▲▼ түймелерінің көмегімен енгізуге болады. Параметр ішінде бір жазба өрісінен екіншісіне жылжу үшін қашықтан басқару құралындағы ▶◀ түймелерін пайдаланыңыз. Болғаннан кейін, **Enter** түймесін басыңыз.
  5. Басқа параметрге жылжу үшін ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз, одан кейін сол параметр үшін 4-қадамдағы нұсқауларды орындай отырып сандарды енгізіңіз.
  6. Барлық параметрлерді толтырғанша, 4 және 5-қадамдарды қайталаңыз.
- Желі параметрі мәндерін Интернет провайдерінен алуға болады.
7. Барлық параметр мәндерін енгізуді аяқтағаннан кейін, **Return** (↵) тармағын таңдап, **Enter** түймесін басыңыз. Үй кинотеатры желі қосылымын тексеріп, желіге қосылады.

### Сымсыз желі

Сымсыз желі қосылымын үш жолмен орнатуға болады:


- Сымсыз автоматты
- Сымсыз қолмен
- WPS(PBC)

Сымсыз желі қосылымының параметрлерін реттемей тұрып, өнімге қосылып тұрған барлық сымсыз желі құрылғыларын немесе қолданылса, өнімнің ағымдағы сымды қосылымын ажыратыңыз.

### □ Wireless - Автоматты

«Желі қосылымының параметрлерін реттеу» бөліміндегі 1 және 3 аралығындағы қадамдарды орындаңыз. (18-бетті қараңыз)

1. **Network Settings** экранында **Network Type** үшін **Wireless** параметрін таңдаңыз. Өнім қол жетімді желілерді іздеп, оларды тізім түрінде көрсетеді.



2. Қажетті желіні таңдап, **Enter** түймесін басыңыз.
  3. **Security** экранында желінің қауіпсіздік кодын немесе құпия сөзін енгізіңіз. Қашықтан басқару құралында сан түймелерін пайдалана отырып сандарды тікелей енгізуге болады. Әріпті ▲▼▶◀ түймелерінің көмегімен таңдау арқылы енгізіп, содан кейін **Enter** түймесін басыңыз.
  4. Аяқтағаннан кейін, **Done** опциясын таңдап, **Enter** түймесін басыңыз. Өнім желі қосылымын тексеріп, одан кейін желіге қосылады.
- Қауіпсіздік кодын немесе құпия сөзін маршрутизаторды немесе модемді орнатуға пайдаланған орнату экрандарының бірінен табуға болады.

### □ Wireless - Қолмен

Тұрақты IP мекенжайы бар болса немесе автоматты процедурасы жұмыс істемесе, **Network Settings** мәндерін қолмен орнату қажет болады.

«Желі қосылымының параметрлерін реттеу» бөліміндегі 1 және 3 аралығындағы қадамдарды орындаңыз. (18-бетті қараңыз)

1. **Network Settings** экранында **Network Type** үшін **Wireless** параметрін таңдаңыз. Өнім қол жетімді желілерді іздеп, оларды тізім түрінде көрсетеді.
2. Тізімді айналдырып, қажетті желіні таңдауға **Add Network** параметрін таңдаңыз, одан кейін **Enter** түймесін басыңыз.
3. Желі 2-қадамда таңдалған болса, 6-қадамға өтіңіз. **Add Network** параметрі таңдалған болса, 4-қадамға өтіңіз.

# Параметрлер

- Сымсыз желі немесе сымсыз маршрутизатор атауын енгізіңіз.
  - Қашықтан басқару құралындағы сан түймелерінің көмегімен сандарды тікелей енгізіңіз.
  - Әріпті ▲▼◀▶ түймелерінің көмегімен таңдау арқылы енгізіп, содан кейін [C] түймесін басыңыз.
  - Бас әріптерді (немесе бас әріптер көрсетілсе, кіші әріптерді қайта көрсету) көрсету үшін, ⏏ тармағын таңдап, [C] түймесін басыңыз.
  - Таңбалар мен тыныс белгілерін көрсету үшін **123#&** тармағын таңдап, [C] түймесін басыңыз. Әріптерді қайта көрсету үшін **123#&** тармағын таңдап, [C] түймесін басыңыз.

Аяқтағаннан кейін, **Done** опциясын таңдап, [C] түймесін басыңыз.
- Ашылған Security method (Қауіпсіздік әдісі) экранында желінің қауіпсіздік әдісін таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз да, одан кейін [C] түймесін басыңыз. Келесі экранда желінің қауіпсіздік кодын немесе құпия сөз тіркесін енгізіңіз.
  - Қашықтан басқару құралындағы сан түймелерінің көмегімен сандарды тікелей енгізіңіз.
  - Әріпті ▲▼◀▶ түймелерінің көмегімен таңдау арқылы енгізіп, содан кейін [C] түймесін басыңыз.

Аяқтағаннан кейін, **Done** опциясын таңдап, [C] түймесін басыңыз. Өнім желіні іздейді.
- Network connection fail (Желі қосылымы орнатылмады) экраны пайда болады. **IP Settings** параметрін таңдау үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз да, одан кейін [C] түймесін басыңыз.
- IP Setting** өрісін таңдап, оны **Enter manually** параметріне орнатыңыз.
- Енгізілетін желі параметрін (мысалы, **IP Address**) таңдап, [C] түймесін басыңыз. Қашықтан басқару құралындағы санды түймелерді пайдаланып, параметр үшін сандарды енгізіңіз. Сондай-ақ, сандарды ▲▼ түймелерінің көмегімен енгізуге болады. Параметр ішінде бір жазба өрісінен екіншісіне жылжу үшін қашықтан басқару құралындағы ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз. Болғаннан кейін, [C] түймесін басыңыз.
- Басқа параметрге жылжу үшін ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз, одан кейін сол параметр үшін 8-қадамдағы нұсқауларды орындай отырып сандарды енгізіңіз.




- Барлық параметрлерді толтырғанша, 8 және 9-қадамдарды қайталаңыз.
  - Желі параметр мәндерін Интернет провайдерінен алуға болады.
  - Аяқтағаннан кейін, **Return** (↵) тармағын таңдап, [C] түймесін басыңыз. **Security Key** экраны ашылады.
  - Security Key** экранында желінің қауіпсіздік кодын немесе құпия сөз тіркесін енгізіңіз. Қашықтан басқару құралындағы сан түймелерінің көмегімен сандарды тікелей енгізіңіз. Әріпті ▲▼◀▶ түймелерінің көмегімен таңдау арқылы енгізіп, содан кейін [C] түймесін басыңыз.
  - Аяқтағаннан кейін, экранның оң жағынан **Done** пәрменін таңдап, [C] түймесін басыңыз. Өнім желі қосылымын тексеріп, одан кейін желіге қосылады.
  - Үй кинотеатры желіні тексергеннен кейін, **OK** тармағын таңдап, [C] түймесін басыңыз.
- 🔗 Сондай-ақ, желіні қолмен орнату үшін **Settings > Network > Network Status** тармағына өтуіңізге болады.
- 🔍 **WPS(PBC)**
- Сымсыз желі байланысын орнатудың ең оңай жолдарының бірі **WPS(PBC)** функциясын пайдалану болып табылады. Сымсыз маршрутизаторда **WPS(PBC)** түймесі бар болса, келесі қадамдарды орындаңыз:
- «Желі қосылымының параметрлерін реттеу» бөліміндегі 1 және 3 аралығындағы қадамдарды орындаңыз. (18-бетті қараңыз)
- Network Settings** экранында **Network Type** үшін **Wireless** параметрін таңдаңыз. Өнім қол жетімді желілерді іздеп, оларды тізім түрінде көрсетеді.
  - Тізімді төмен айналдырып, **WPS(PBC)** функциясын таңдап, [C] түймесін басыңыз.
  - Екі минут ішінде маршрутизатордағы **WPS(PBC)** түймесін басыңыз. Өнім өзіне керекті желі параметрлерінің мәндерін автоматты түрде алып, желі қосылымы тексерілгеннен кейін желіңізге қосады.
  - Аяқтағаннан кейін, **OK** опциясын бөлектеп, [C] түймесін басыңыз.
- 🔗 WPS қосылымы үшін сымсыз маршрутизатордың қауіпсіздік шифрлауын AES деп орнатыңыз. WEP қауіпсіздік шифрлауы WPS қосылымын қолдамайды.


## Wi-Fi Direct

**Wi-Fi Direct** функциясы сымсыз маршрутизаторсыз, тең құқылы желі арқылы **Wi-Fi Direct** құрылғыларын өнімге және бір-біріне қосуға мүмкіндік береді.

📎 **Wi-Fi Direct** арқылы қосылған болса, кейбір **Wi-Fi Direct** құрылғылары DLNA функциясына қолдау көрсетпеуі мүмкін. Бұл жағдайда, құрылғыны үй кинотеатрына қосу үшін пайдаланылған желі қосылымы әдісін өзгертіңіз.

📎 **Wi-Fi Direct** сигналдарының таратылуы Bluetooth сигналдарына кедергі келтіруі мүмкін. **Bluetooth** функциясын қолданбас бұрын, кез келген қосулы ұялы құрылғыдағы **Wi-Fi Direct** функциясын өшіруді ұсынамыз.

1. **Wi-Fi Direct** құрылғысын қосып, **Wi-Fi Direct** функциясын іске қосыңыз.
2. Басты экранында **Settings** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
3. **Network** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
4. **Wi-Fi Direct** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз. Қосуға болатын **Wi-Fi Direct** құрылғылары көрсетіледі.




5. Wi-Fi қосылымын орнатудың үш жолы бар:
  - Wi-Fi құрылғысы арқылы.
  - PBC көмегімен өнім арқылы.
  - PIN-код көмегімен өнім арқылы.

Әрқайсысы төменде қамтылған.


### Wi-Fi құрылғысы арқылы

1. Wi-Fi құрылғысында басқа **Wi-Fi Direct** құрылғысына қосылу үшін құрылғының процедурасын орындаңыз. Нұсқауларды құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

2. Процедура орындалған соң, теледидар экранында **Wi-Fi Direct** функциясына қолдау көрсететін құрылғы қосылу сұрауын жасағаны туралы қалқымалы хабар көрсетіледі. **OK** тармағын таңдап, қабылдау үшін  түймесін басыңыз.
3. «Қосылу» қалқымалы терезесі, содан кейін «Қосылды» қалқымалы терезесі пайда болады. Ол жабылғанда, құрылғыны **Wi-Fi Direct** экранындағы тізімде қосылған ретінде көресіз.

- PBC және PIN процедуралары құрылғыларды автоматты түрде қосады.

### PBC көмегімен өнім арқылы

1. Осы өнімге қосу керек **Wi-Fi Direct** құрылғысын таңдап, содан кейін  түймесін басыңыз.
2. «Қосылу» қалқымалы терезесі, содан кейін «Қосылды» қалқымалы терезесі пайда болады. Ол жабылғанда, құрылғыны **Wi-Fi Direct** экранындағы тізімде қосылған ретінде көресіз.

### PIN-код көмегімен өнім арқылы







1. Осы өнімге қосу керек **Wi-Fi Direct** құрылғысын таңдап, содан кейін  түймесін басыңыз.
2. PIN қалқымалы терезесі пайда болады.
3. Қалқымалы терезедегі PIN кодын жазып алыңыз, содан кейін қосылу керек **Wi-Fi Direct** құрылғысындағы тиісті өріске енгізіңіз.
4. «Қосылу» қалқымалы терезесі, содан кейін «Қосылды» қалқымалы терезесі пайда болады. Ол жабылғанда, **Wi-Fi Direct** экранындағы тізімде құрылғыны қосылған ретінде көресіз.

- 📎 **Wi-Fi Direct** функциясын пайдаланғанда ағымдағы сымды немесе сымсыз желі қосылымы ажыратылады.
- 📎 TXT немесе .DOC кеңейтімі бар файлдар сияқты мәтіндік файлдар **Wi-Fi Direct** функциясын пайдаланғанда көрсетілмейді.

## Бағдарламалық құралды жаңарту


**Software Upgrade** мәзірі жұмысты жақсарту және қосымша қызметтер алу мақсатында бағдарламалық құралды жаңартуға мүмкіндік береді.

- Жаңарту барысында өнімді қолмен өшіруші немесе қосушы болмаңыз.
- Өнім қайта қосылып, өшкенде жаңарту аяқталады. ҚҰАТ түймесін басу арқылы жаңартылған өнімді қосыңыз.
- Samsung Electronics корпорациясы бағдарламалық құралдың жаңартылуы барысындағы тұрақсыз Интернет байланысы немесе пайдаланушы немқұрайдылығы нәтижесінде орын алған өнім ақаулары үшін жауап бермейді.

1. Басты мәзірінде **Settings** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  2. **Support** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  3. **Software Upgrade** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  4. Келесі әдістердің біреуін таңдаңыз:
    - **By Online**
    - **By USB**
    - **Auto Upgrade Notification**
  5.  түймесін басыңыз. Әр әдіс бойынша нұсқаулар төменде берілген.
-  Егер бағдарламалық құралды жүктеу барысында жаңартудан бас тарту керек болса,  түймесін басыңыз.

## By Online

**By Online** функциясын пайдалану үшін, өнім Интернетке қосылған болуы керек. Бастамас бұрын барлық дискілерді шығарып алыңыз.

1. **By Online** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз. Серверге қосылуда хабары пайда болады.
2. Жаңарту бар болса, қалқымалы хабар пайда болып, жаңарту керек/керек еместігін сұрайды. Егер **Yes** жауабын таңдасаңыз, өнім автоматты түрде өшіп, қайта қосылады да, жаңартуды бастайды.
3. Жаңарту барысын көрсететін қалқымалы терезе пайда болады. Жаңарту аяқталған кезде, өнім қайтадан автоматты түрде өшеді.
4. **ҚҰАТ** түймесін басып өнімді қосыңыз.

## By USB

1. Мына торапқа кіріңіз: [www.samsung.com](http://www.samsung.com).
  2. Беттің жоғарғы оң жағындағы **SUPPORT** түймесін басыңыз.
  3. Іздеу өрісіне өнім үлгісінің нөмірін енгізіңіз. Үлгі нөмірін енгізгеннен кейін ашылмалы тізім үлгі нөміріне сәйкес өнімдерді көрсетеді.
  4. Ашылмалы тізімдегі өнім үлгісінің нөмірін тінтуірдің сол жағымен басыңыз.
  5. Ашылған бетте төмен қарай жылжып, **Firmware Manuals & Downloads** түймесін басыңыз.
  6. Беттің ортасындағы **Firmware** түймесін басыңыз.
  7. Беттің оң жағындағы «File» (Файл) бағанындағы **ZIP** белгішесін басыңыз.
  8. Пайда болған бірінші қалқымалы терезедегі **Send** түймесін басыңыз. Микробағдарлама файлын компьютерге жүктеу және сақтау үшін екінші қалқымалы терезедегі **OK** түймесін басыңыз.
  9. Қысылған файлды компьютерде шығарыңыз. Атауы «zip» файлымен бірдей қалта пайда болу керек.
  10. Қалтаны USB флэш-жадына көшіріңіз.
  11. Өнімге диск салынбағанын тексеріңіз де, USB флэш-дискісін өнімнің USB портына салыңыз.
  12. Өнім мәзірінде **Settings > Support > Software Upgrade** тармағына өтіңіз.
  13. **By USB** параметрін таңдаңыз.
  14. Үй кинотеатры бағдарламалық құралды USB дискісінен іздейді. Бағдарлама табылған жағдайда Update Request (Жаңарту сұрауы) қалқымалы терезесі пайда болады.
  15. **OK** параметрін таңдаңыз. Үй кинотеатры өшіп, қосылады да, жаңартуды бастайды. Жаңарту аяқталған соң үй кинотеатры қосылады.
  16. **ҚҰАТ** түймесін басып үй кинотеатрын қосыңыз.
-  USB хост ұясы арқылы бағдарламалық құралды жаңартқанда, өнімнің ішінде диск болмауы керек.
-  Бағдарламалық құралды жаңарту аяқталғанда, **Software Upgrade** мәзірінен бағдарламалық құрал жайлы ақпаратты тексеріңіз.

## Auto Upgrade Notification

Өнім желіге жалғанған және **Auto Upgrade Notification** параметрі қосулы болса, бағдарламаның жаңа нұсқасы қол жетімді болғаны туралы өнім қалқымалы хабар арқылы ескертеді.

1. Өнімді қосыңыз.
2. **Software Upgrade** мәзірінде **Auto Upgrade Notification** үшін **On** параметрін таңдаңыз. Бағдарламалық құралдың жаңа нұсқасы бар болса, өнім қалқымалы хабар арқылы ескертеді.
3. Микробағдарламаны жаңарту үшін, **Yes** жауабын таңдаңыз. Өнім автоматты түрде өшіп, қосылады да, жаңартуды бастайды.
4. Жаңарту жүрісі туралы қалқымалы хабар шығады. Жаңарту аяқталған кезде, өнім қайтадан автоматты түрде өшеді.
5. **ҚУАТ** түймесін басып өнімді қосыңыз.

## DLNA функциясының параметрлерін орнату

DLNA функциясы өнім көмегімен компьютердегі музыка, бейне және фотосурет файлдарын ойнатуға мүмкіндік береді. DLNA функциясын пайдалану үшін, өнімді компьютерге желі арқылы жалғап (12-бетті қараңыз), компьютерге SAMSUNG PC Share Manager бағдарламасын орнату керек.


## DLNA бағдарламалық құралын жүктеп алу

Компьютерде DLNA функциясын пайдалану үшін, компьютерге DLNA бағдарламалық құралын орнату керек. «Samsung.com» веб-торабынан компьютер бағдарламалық құралын жүктеп алуға және DLNA функциясын пайдалану туралы толық нұсқауларды алуға болады.

1. «www.samsung.com» веб-торабына өтіңіз.
2. Беттің жоғарғы жағындағы **SUPPORT** түймесін басыңыз.
3. Іздеу өрісіне өнім үлгісінің нөмірін енгізіңіз. Үлгі нөмірін енгізгеннен кейін ашылмалы тізім үлгі нөміріне сәйкес өнімдерді көрсетеді.
4. Ашылмалы тізімдегі өнім үлгісінің нөмірін тінтуірдің сол жағымен басыңыз.
5. Ашылған бетте төмен қарай жылжып, **Firmware Manuals & Downloads** түймесін басыңыз.

6. **Software** қойындысын ашыңыз.
7. Бағдарламалық құрал қойындысындағы DLNA жолының оң жағындағы «EXE» белгішесін басыңыз.
8. Пайда болған қалқымалы терезеде **Send** түймесін басыңыз. Келесі қалқымалы терезеде **Save File** түймесін басыңыз.
9. Дискідегі DLNA бағдарламалық құралын орнату файлын тауып, файлды екі рет басыңыз.
10. Пайда болған қалқымалы терезеде **Run** түймесін басып, экранда пайда болған нұсқауларды орындаңыз.

Дәл сол «Software Tab» (Бағдарламалық құрал) қойындысынан оң жақтағы «File» (Файл) бағанындағы тиісті PDF файлының таңбасын басу арқылы DLNA бағдарламалық құралын орнату/пайдалану нұсқаулығын жүктеп алыңыз. PDF пішіміндегі файл жүктеліп, ашылады. DLNA технологиясын орнату және параметрлерін реттеу үшін нұсқауларды орындаңыз. Файлды қарауға және/немесе сақтауға болады.

 DLNA технологиясын смартфонңызбен пайдалану үшін үй кинотеатрын және смартфонды бір желіге жалғау керек.

# Мазмұнды Ойнату



Үй кинотеатры Blu-ray/DVD/CD дискілерінде, USB құрылғыларында, компьютерлерде, смартфондарда, планшеттерде және «Apps» дүкендерінде орналасқан мазмұнды ойната алады. Компьютерде немесе мобильді құрылғыда орналасқан мазмұнды ойнату үшін компьютерді немесе мобильді құрылғыны және өнімді желіге қосу керек. Сондай-ақ, компьютердегі мазмұнды ойнату үшін DLNA желі бағдарламалық құралын жүктеу және орнату керек немесе компьютерде бұрыннан DLNA желі бағдарламалық құралы болуы керек.

📎 Windows 7 және Windows 8 жүйесі орнатылған компьютерлерде DLNA бағдарламалық құралы (Ойнату) ішіне орнатылған болады.


## Бастапқы құрылғыға ауыстырып қосу

Басты жабдыққа бір не бірнеше сыртқы құрылғы қосылған болса, бастапқы құрылғыны өзгерту үшін төменде сипатталған үш әдістің кез келгенін пайдалануға болады.

### 1-әдіс

Басты экранындағы ▲▼◀▶ түймелерін басу арқылы **Change Device** тармағына өтіп,  түймесін басыңыз. **Change Device** қалқымалы терезесі ашылады. ▲▼ түймелерін пайдаланып қажетті құрылғыға жылжыңыз да,  түймесін басыңыз.

### 2-әдіс

**Photos, Videos, Music** не басқа файлға негізделген мазмұндарға өткенде қалталар мен файлдардың тізімі ашылады. **ҚЫЗЫЛ (A)** түймесін басу арқылы **Change Device** қалқымалы терезесін ашып, ▲▼ түймелерін басу арқылы керекті құрылғыға жылжыңыз да,  түймесін басыңыз.


### 3-әдіс

Құрылғы бірінші рет қосылғанда, ◀▶ түймелерін басу арқылы бастапқы құрылғыны өзгертуге болатын қалқымалы терезе ашылады.

## Коммерциялық дискілерді ойнату

1. Диск науасын ашу үшін ▲ түймесін басыңыз.
2. Дискінің жапсырмалы бетін жоғары қаратып, дискіні диск науасына абайлап салыңыз.



3. Диск науасын жабу үшін ▲ түймесін басыңыз. Ойнату автоматты түрде басталады.
4. Ойнату автоматты түрде басталмаса, қашықтан басқару құралындағы  түймесін басыңыз.

## Дискіні сақтау & басқару

- Дискілерді қолмен ұстау
  - Дискідегі саусақ іздері немесе сызаттар дыбыстың және суреттің сапасын төмендетуі немесе кейбір үзінділердің ойнатылмауына себеп болуы мүмкін.
  - Деректер жазылған диск бетін ұстамауға тырысыңыз.
  - Саусақтар бетке тимейтіндей дискіні шеттерінен ұстау керек.
  - Дискіге қағаз немесе таспа жапсырмаңыз.




- Дискілерді тазалау
  - Дискіде саусақ іздері немесе кір болса, оны сумен араластырылған жұмсақ тазалау құралымен тазартып, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
  - Тазалағанда дискінің ішінен сыртына қарай сүртіңіз.
  - Дискіні сақтау
    - Күн сәулесі тікелей түспейтін жерде сақтаңыз.
    - Жақсы желдетілетін салқын жерде сақтаңыз.
    - Таза қорғаныс қаптамасына салып, тік күйде сақтаңыз.



## Пайдаланушы жазған мазмұны бар дискіні ойнату

Blu-ray, DVD немесе ықшам дискілерге жазылған мультимедиа файлдарын ойнатуға болады.

1. Диск науасына пайдаланушы жазған дискіні суретін жоғары қаратып салыңыз да, науаны жабыңыз.
2. ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланып көру не ойнату керек мазмұн түрін таңдаңыз да – **Photos, Videos** немесе **Music** – содан кейін  түймесін басыңыз.

### НЕМЕСЕ

- 2<sup>1</sup>. Басты экранындағы **Play disc** пәрменін таңдаңыз. **Play disc** экраны ашылады. **Photos, Videos** немесе **Music** мазмұн түрін таңдау үшін ▲▼ түймелерін басыңыз.

- Экранда диск мазмұнының тізімі көрсетіледі. Мазмұндар қалай реттелгеніне байланысты қалталарды, жекелеген файлдарды немесе екеуін де көресіз.
- Қажет болса, ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланып қалтаны таңдаңыз да, [Enter] түймесін басыңыз.
- ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланып көретін немесе ойнататын файлды таңдаңыз да, [Enter] түймесін басыңыз.
- Ағымдағы экраннан шығу үшін не болмаса Басты экранына қайту үшін бір немесе бірнеше рет RETURN түймесін басыңыз. Тікелей Басты экранына қайту үшін EXIT түймесін басыңыз.
- Дискідегі бейнелердің, музыканың және суреттердің ойнатылуын басқару жолы түсіндірілген нұсқауларды көру үшін 26-30 беттерге өтіңіз.
- Қажет болса, ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланып қалтаны таңдаңыз да, [Enter] түймесін басыңыз.
- Көрсететін немесе ойнататын файлды таңдаңыз да, [Enter] түймесін басыңыз.
- Қалтадан шығу үшін RETURN түймесін басыңыз да, Басты экранына қайту үшін EXIT түймесін басыңыз.
- USB құрылғысындағы бейнелерді, музыканы және суреттерді ойнату жолын түсіндіретін нұсқауларды алу үшін 26–30 беттерге өтіңіз.

## USB құрылғысындағы файлдарды ойнату

USB құрылғысында орналасқан мультимедиалық файлдарды өнім арқылы ойнатудың екі әдісі бар.

### 1-әдіс: Өнім қосулы болғанда

#### USB құрылғысын жалғау

- «New device connected.» қалқымалы терезесі ашылады.



- Егер бұл қалқымалы терезе ашылмаса, 2-әдіске өтіңіз.
- ▲▼ түймелерін басу арқылы **Photos**, **Videos** не **Music** тармағын таңдаңыз да, [Enter] түймесін басыңыз. Мазмұндар қалай реттелгеніне байланысты қалталарды, жекелеген файлдарды немесе екеуін де көресіз.

### 2-әдіс: Өнім USB құрылғысы жалғанғаннан кейін қосылған болса

- Өнімді қосыңыз.
- Change Device** түймесін басып, USB құрылғысын таңдаңыз.
- Басты экранынан **Photos**, **Videos** не **Music** тармағын таңдау үшін ◀▶ түймелерін басыңыз да, [Enter] түймесін басыңыз.
- Қажет болса, ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланып қалтаны таңдаңыз да, [Enter] түймесін басыңыз.
- Көрсететін немесе ойнататын файлды таңдаңыз да, [Enter] түймесін басыңыз.
- Қалтадан шығу үшін RETURN түймесін басыңыз да, Басты экранына қайту үшін EXIT түймесін басыңыз.
- USB құрылғысындағы бейнелерді, музыканы және суреттерді ойнату жолын түсіндіретін нұсқауларды алу үшін 26–30 беттерге өтіңіз.
- USB құрылғысын немесе телефонды ойнатып жатқанда дискіні салсаңыз, құрылғы режимі автоматты түрде «Диск» деп өзгереді.
- Егер ұялы телефон DLNA технологиясымен үйлесімді болса, мазмұнды USB кабелін жалғаусыз ойнатуға болады. (34-бетті қараңыз)

# Мазмұнды Ойнату

## Бейненің ойнатылуын басқару

Blu-ray/DVD дискісінде, USB құрылғысында, мобильді құрылғыда немесе компьютерде орналасқан мазмұнның ойнатылуын басқаруға болады. Дискіге немесе мазмұндарға байланысты осы нұсқаулықта сипатталған кейбір функциялар қол жетімді болмауы мүмкін.

## Қашықтан басқару құралындағы бейнені ойнату үшін пайдаланылатын түймелер



### 1 Ойнатуға қатысты түймелер

Өнім **Search**, **Slow** не **Step** режимінде дыбысты ойнатпайды.

- Қалыпты жылдамдықпен ойнатуға қайту үшін түймесін басыңыз.

	Ойнатуды бастайды.
	Ойнатуды тоқтатады.
	Ойнатуды кідіртеді.
<b>Тез ойнату</b>	Ойнату кезінде  немесе  түймесін басыңыз.  немесе  түймесін басқан сайын ойнату жылдамдығы өзгереді.
<b>Жай ойнату</b>	Кідірту режимінде  түймесін басыңыз.  түймесін басқан сайын ойнату жылдамдығы өзгереді.
<b>Қадамдық ойнату</b>	Кідірту режимінде  түймесін басыңыз.  түймесін басқан сайын жаңа кадр пайда болады.
<b>Өткізіп ойнату</b>	Ойнату кезінде  немесе  түймесін басыңыз.  немесе  түймесін басқан сайын диск алдыңғы не келесі тарауға не файлға өтеді.

## 2 Диск мәзірін, тақырыптар мәзірін, қалқымалы мәзірді және тақырыптар тізімін пайдалану

### DISC MENU

Ойнату кезінде Диск мәзірін көрсету үшін осы түймені басыңыз.

### TITLE MENU

Ойнату кезінде Тақырып мәзірін көрсету үшін осы түймені басыңыз.

- Дискіде ойнату тізімі бар болса, ойнату тізіміне өту үшін, **ЖАСЫЛ (B)** түймесін басыңыз.

### POPUP MENU

Ойнату кезінде Қалқымалы мәзірді көрсету үшін осы түймені басыңыз.

### 3 Ойнатуды қайталау

- Ойнату кезінде қашықтан басқару құралындағы **REPEAT** түймесін басыңыз.
- түймелерін басу арқылы **Off**, **Title**, **Chapter**, **All** немесе **Repeat A-B** тармағын таңдаңыз да, түймесін басыңыз.

### Repeat A-B

- Қайталап ойнату басталатын нүктеде (A) түймесін басыңыз.
- Қайталап ойнату тоқтайтын нүктеде (B) түймесін басыңыз.
- Қалыпты ойнату күйіне оралу үшін, **REPEAT** түймесін қайтадан басыңыз.
- түймесін басыңыз.

Дискіге байланысты экран бүкіл қайталау параметрлерін көрсетпеуі мүмкін.

Экран **Chapter** не **Title** мәзірін бірден көрсетпеуі мүмкін. Таңдау тиісті өрісте болғанша түймелерін баса беріңіз.

Қалыпты ойнатуға оралу үшін, **REPEAT** (ҚАЙТАЛАУ) түймесін қайтадан басыңыз, **Off** параметрін таңдау үшін түймелерін, одан кейін түймесін басыңыз.

Экран **Repeat A-B** мәзірін бірден көрсетпеуі мүмкін. **Repeat A-B** тиісті өрісте болғанша түймелерін баса беріңіз.

(B) нүктесін (A) нүктесінен кейін кемінде 5 секунд ойнату уақытына орнату керек.

## TOOLS мәзірін пайдалану

Ойнату кезінде TOOLS түймесін басыңыз.

### Title

Дискіде не құрылғыда бірнеше тақырып бар болса, керекті тақырыпқа өтуге мүмкіндік береді.

### Playing Time

Арнайы ойнату нүктесіне өтуге мүмкіндік береді. Ойнату нүктесін енгізу үшін сандық түймелерді пайдаланыңыз.

### Repeat Mode

Белгілі бір тақырыпты, тарауды немесе белгіленген бөлімді қайталауға мүмкіндік береді.

### Audio Sync

Дыбысты бейнемен қадамдастыру үшін дыбыстың кідіртуін реттеуге мүмкіндік береді. Кідірісті 0 және 300 миллисекунд арасында орнатуға болады.

### Picture Settings

Сурет режимін орнатуға мүмкіндік береді.

#### ■ Mode

- **User: Brightness, Contrast, Colour** және **Sharpness** функцияларын қолмен реттеуге мүмкіндік береді.
- **Dynamic:** айқындықты арттыру үшін осы параметрді таңдаңыз.
- **Normal:** ең жиі қаралатын қолданбалар үшін осы параметрді таңдаңыз.
- **Movie :** бұл фильмдерді көруге арналған ең жақсы параметр.

## Тек BD/DVD дискі ойнатылғанда ашылатын мәзір таңдаулары

### Chapter

Көргіңіз келетін тарауға өтуге мүмкіндік береді.

### Audio

Қажетті дыбыс тілін орнатуға мүмкіндік береді.

### Subtitle

Қажетті субтитр тілін орнатуға мүмкіндік береді.

### Angle

Қойылымды басқа бұрыштан қарауға арналған. **Angle** параметрі көру үшін қол жетімді бұрыштар санын көрсетеді (1/1, 1/2, 1/3, т.б.).

### BONUSVIEW Video

### BONUSVIEW Audio

Қажетті «Bonusview» опциясын орнатуға мүмкіндік береді.

## Тек файл ойнатылғанда


### көрсетілетін мәзір таңдаулары

### Full Screen

Қажетті толық экран өлшемін орнатуға мүмкіндік береді. **Original, Mode1** (үлкенірек) және **Mode2** (ең үлкен) параметрін таңдауға болады.

### Information


Бейне файл туралы ақпаратты көру үшін таңдаңыз.

-  Диск түріне немесе жад құрылғысына байланысты Tools (Құралдар) мәзірі әртүрлі болуы мүмкін. Барлық параметрлер көрсетілмеуі мүмкін.


## Бейне ойнату тізімін жасау

Музыка файлдарының ойнату тізімін жасауға ұқсас жолмен бейне файлдардың ойнату тізімін жасауға болады. Нұсқауларды 28-беттен қараңыз.

## Алдын ала жазылған коммерциялық дыбыс дискісін ойнату

1. Дыбыс ықшам дискісін (CD-DA) немесе MP3 дискісін диск науасына салыңыз.
  - Дыбыс ықшам дискісін (CD-DA) дискісінің бірінші дыбыс жолы автоматты түрде ойнатылады. Дискідегі дыбыс жолдары дискіге жазылған кезекпен ойнатылады.
  - MP3 дискісінде ◀▶ түймелерін басу арқылы **Music** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.

# Мазмұнды Ойнату




2. Нақты тректі ойнату үшін қашықтан басқару құралындағы ▲▼ түймелерін пайдаланып жолды таңдаңыз да, [Select] түймесін басыңыз.

✎ Музыканы ойнату туралы қосымша ақпаратты төмендегі «Музыканың ойнатылуын басқару» тармағынан қараңыз.

## Музыканың ойнатылуын басқару

DVD, CD, USB, мобильді құрылғыда немесе компьютерде орналасқан музыканың ойнатылуын басқаруға болады. Дискіге немесе мазмұндарға байланысты осы нұсқаулықта сипатталған кейбір функциялар қол жетімді болмауы мүмкін.

## Қашықтан басқару құралындағы музыканы ойнату үшін пайдаланылатын түймелер



- |   |  |
|---|--|
| 1 | <b>Санды</b> түймелер: Ойнату тізімін ойнату кезінде қажетті жол нөмірін басыңыз. Таңдалған жол ойнатылады.                    |
| 2 | <b>Өткізу:</b> Ойнату кезінде алдыңғы немесе келесі музыка жолына өту үшін [Left Arrow] немесе [Right Arrow] түймесін басыңыз. |
| 3 | [Stop] түймесі: жолды тоқтатады.   |

- |   |   |
|---|---|
| 4 | <b>Жылдам ойнату (Тек дыбыс ықшам дискісі [CD-DA]):</b><br>Ойнату кезінде [Left Arrow] немесе [Right Arrow] түймесін басыңыз. [Left Arrow] немесе [Right Arrow] түймесін басқан сайын ойнату жылдамдығы өзгереді. |
| 5 | [Pause] түймесі: жолды кідіртеді.   |
| 6 | [Right Arrow] түймесі: ағымдағы таңдалған жолды ойнатады.   |


## Жолдарды қайталау






Өнімді жолдарды қайталайтындай етіп орнатуға болады.

- Музыканы ойнату кезінде **TOOLS** түймесін басыңыз.
- [Left Arrow] түймесін басу арқылы **Repeat Mode** режимінде **Off**, **Track** немесе **One, All** не **Shuffle** опциясын таңдаңыз да, [Select] түймесін басыңыз.








## Музыканы ойнату тізімін жасау




- Музыка коммерциялық ықшам дискіден немесе DVD дискісінен ойнатылса, [Select] немесе **RETURN** түймесін басыңыз. Music List (Әндер тізімі) экраны көрсетіледі. Ойнату тізімі пайдаланушы жазған дискіден немесе USB құрылғысынан жасалатын болса, 24 не 25-бетте сипатталған Әндер тізімі тармағын ашыңыз.
- [Up Arrow] [Left Arrow] түймелерінің көмегімен сипатталған файлға өтіп, оны таңдау үшін **CAPY (C)** түймесін басыңыз. Қосымша файлдарды таңдау үшін, осы процедураны қайталаңыз.
- Барлық файлдарды таңдау керек болса, **TOOLS** түймесін басып, [Up Arrow] түймелері арқылы **Select All** тармағын таңдаңыз да, [Select] түймесін басыңыз. Барлық файлдардың таңдауын алып тастау керек болса, **TOOLS** түймесін басып, [Up Arrow] түймелері арқылы **Deselect All** тармағын таңдаңыз да, [Select] түймесін басыңыз.



4. Файлды ойнату **Playlist** ішінен жою үшін файлға өтіп, **САРЫ (C)** түймесін басыңыз.
  5. Таңдалған файлдарды ойнату үшін  түймесін басыңыз. **Playlist** экраны ашылады.
  6. Әндер тізіміне өту үшін,  немесе **RETURN** түймесін басыңыз.
  7. **Playlist** тізіміне қайта үшін  түймесін басыңыз.
-  Дыбыс ықшам дискісінде (CD-DA) ең көбі 99 жолдық әндер тізімін жасауға болады.
-  **Playlist** арқылы Music List (Әндер тізімі) тізіміне өтіп, содан кейін **Playlist** тізіміне қайтсаңыз, **Playlist** басынан бастап қайта ойнатыла бастайды.

## Қию

1. Өнімнің алдындағы USB ұясына USB құрылғысын салыңыз.
  2. Playback (Ойнату) экраны ашылғанда ▲▼ түймелерін басу арқылы жолды таңдап, **САРЫ (C)** түймесін басыңыз. Жолдың сол жағында құсбелгі пайда болады.
  3. Қосымша жолдарды таңдау және құсбелгі қою үшін, 2-қадамды орындаңыз.
  4. Жолды тізімнен жою үшін, жолға өтіп, **САРЫ (C)** түймесін қайтадан басыңыз. Жолдағы құсбелгі алынады.
  5. Болғаннан кейін, **TOOLS** түймесін басыңыз. **Tools** мәзірі ашылады.
  6. **Rip** параметрін таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз да, одан кейін  түймесін басыңыз. **Rip** экраны ашылады.
  7. ▲▼ түймелерін пайдаланып қиылған файлды сақтау үшін қажетті құрылғыны таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
-  Қиып алу орындалып жатқанда құрылғыны ажыратпаңыз.
8. Қиып алудан бас тарту үшін  түймесін басып, **Yes** жауабын таңдаңыз. Қиып алуды жалғастыру үшін **No** жауабын таңдаңыз.
  9. Қиып алу аяқталғанда «**Ripping completed.**» хабары көрсетіледі.
  10. Playback (Ойнату) экранына қайту үшін  түймесін басыңыз.
-  Бұл функцияны DTS Audio CD дискілерімен пайдалануға болмайды.
-  Бұл функцияны кейбір дискілер қолдамауы мүмкін.

-  Қиып алу әнді «.mp3» пішіміне 192 Кбит/сек сапасымен кодтайды.
-  Track list (Жолдар тізімі) экранында **Select All** не **Deselect All** тармағын таңдауға болады.
- Барлық жолдарды таңдау үшін **Select All** параметрін таңдап,  түймесін басыңыз. Бұл жеке жол таңдауларынан бас тартады.
  - Таңдалған дыбыс жолдарының барлығын бірден болдырмау үшін **Deselect All** параметрін пайдаланыңыз.

## Фотосурет мазмұндарын ойнату

DVD, USB, ұялы құрылғыда немесе компьютерде орналасқан фотосурет мазмұндарын ойнатуға болады.

## Tools мәзірін пайдалану

Ойнату кезінде **TOOLS** түймесін басыңыз.

### Start / Stop Slide Show

Слайд көрсетілімін ойнату/кідірту үшін таңдаңыз.

### Slide Show Speed

Слайд көрсетілімінің жылдамдығын реттеу үшін таңдаңыз.

### Background Music

Слайд көрсетілімі кезінде музыка тыңдау үшін таңдаңыз.

### Zoom


Ағымдағы суретті үлкейту үшін таңдаңыз. (4 есеге дейін үлкейтеді)

### Rotate

Суретті бұру үшін таңдаңыз. (Бұл суретті сағат тілінің бағыты бойынша не оған қарсы бұрады.)

### Information

Сурет туралы ақпаратты, соның ішінде атауы мен өлшемін, т.б. көрсетеді.

-  Диск түріне немесе жад құрылғысына байланысты **Tools** мәзірі әртүрлі болуы мүмкін. Барлық параметрлер көрсетілмеуі мүмкін.
-  Фондық музыка функциясын қосу үшін, фотосурет файлы музыка файлымен бір жад құрылғысында болуы тиіс. Дегенмен, дыбыс сапасына MP3 файлының бит жылдамдығы, фотосуреттің өлшемі және кодтау әдісі әсер етуі мүмкін.

# Мазмұнды Ойнату




## Фотосуреттерді ойнату тізімін жасау

Фотосуреттерді ойнату тізімін жасау жолы әндерді ойнату тізімін жасауға өте ұқсас. Нұсқауларды 28-беттен қараңыз. Музыка файлдарының орнына фотосурет файлдарын таңдаңыз.

### Радио тыңдау

- Радионы тыңдау үшін өніммен бірге берілген FM антеннаны қосу керек.

## Қашықтан басқару құралымен радионы басқару

1. **FM** тармағын таңдау үшін, **FUNCTION** түймесін басыңыз.
2. Қажетті станцияны баптаңыз.
  - **1-алдын ала орнатылған баптау: PRESET** тармағын таңдау үшін  түймесін басып, алдын ала орнатылған станцияны таңдау үшін **TUNING UP, DOWN** түймесін басыңыз.
    - Алдын ала орнатылған станцияларды реттемстен бұрын, алдын ала орнатылған станцияларды алдымен өнім жадына қосуыңыз керек. Төмендегі Станцияларды алдын ала орнату тармағын көріңіз.
  - **Қолмен баптау: MANUAL** тармағын таңдау үшін  түймесін басып, төменгі не жоғарғы жиілікті баптау үшін **TUNING UP, DOWN** түймелерін басыңыз.
  - **Автоматты баптау: MANUAL** тармағын таңдау үшін  түймесін басып, жиілікті автоматты түрде іздеу үшін **TUNING UP, DOWN** түймесін басып ұстап тұрыңыз.

## Моно/стерео параметрін орнату

MO/ST түймесін басыңыз.

- Бұл түймені әр басқан сайын, дыбыс **STEREO** және **MONO** режимдеріне ауысып тұрады.
- Нашар қабылдау аймағында анық, кедергісіз тарату үшін **MONO** параметрін таңдаңыз.

## Станцияларды алдын ала орнату


Мысалы: FM 89.10 станциясын жадқа алдын ала орнату.

1. **FM** тармағын таңдау үшін, **FUNCTION** түймесін басыңыз.
2. <89.10> жиілігін таңдау үшін **TUNING UP, DOWN** түймесін басыңыз.
3. **TUNER MEMORY** түймесін басыңыз.
  - Дисплейде **NUMBER («HӨMIP»)** жазуы жыпылықтайды.
4. **TUNER MEMORY** түймесін қайтадан басыңыз.
  - **NUMBER (HӨMIP)** жазуы дисплейден өздігінен жоғалмай тұрып, **TUNER MEMORY** түймесін басыңыз.

- **TUNER MEMORY** түймесі басылғаннан кейін, **NUMBER (HӨMIP)** сөзі дисплейден жоғалады және станция жадта сақталады.
5. Басқа станцияны алдын ала орнату үшін, 2 – 4 қадамдарды қайталаңыз.
    - Алдын ала орнатылған станцияға баптау үшін **TUNING UP, DOWN** түймесін басыңыз.


## Караоке функциясын пайдалану


Музыкасы бар Караоке функциясын қолдануға болады.


1. Микрофонды өнімнің алдыңғы жағына жалғаңыз.
2. Басты экранында **Settings** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
3. **Audio** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
4. **My karaoke** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  - Караоке бағалауын тексеруге және ойнатылатын музыка дауысының дыбыс деңгейін реттеуге болады.
  - **Karaoke scoring** параметрі **On** мәніне орнатылған және микрофон қосылған болса, караоке ұпайы автоматты түрде көрсетіледі. Ұпайды көргіңіз келмесе, **Karaoke scoring** параметрін **Off** мәніне орнатыңыз.
  - Бастапқы дыбыстағы дыбыстардың деңгейін төмендеткіңіз келсе, **My karaoke** параметрлерінде **Reduce Vocals** параметрін таңдаңыз.


## Жазу

Музыкасы бар караоке әнін жазып алуға болады.

1. Ойнату кезінде **TOOLS** түймесін басу арқылы **Karaoke Recording** параметрін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
2. Жазуды аяқтау үшін  түймесін басыңыз.
3. Жазу аяқталған кезде USB жад құрылғысында **KARAOKE (KARAOKE)** қалтасы жасалады және жазбалар «KARAOKE.mp3» пішімінде сақталады.

 Жазба файлын сақтау үшін USB жад құрылғысы салынған болуы қажет.

 Жазба файлы **Photos, Videos** және **Music** ішіне қайта кірген кезде көрсетіледі.

 Караоке мүмкіндігін қолданғанда оғаш дыбыстар (шиқылдау немесе гүілдеу) естілсе, микрофонды динамиктерден алысырақ ұстаңыз. Сондай-ақ, микрофонның немесе үндеткіштің дыбыс деңгейлерін төмендету де көмектеседі.

- 📎 Микрофон **D. IN, AUX, FM** және **BT** режимдерінде жұмыс істемейді.
- 📎 **Karaoke scoring** параметрі **On** мәніне орнатылған және микрофон қосылған болса, караоке ұпайлары автоматты түрде көрсетіледі. Ұпайды көрсетуді қаламасаңыз, микрофонды ажыратыңыз.
- 📎 Негізгі мәзір экранда пайда болып, 10 секунд өткеннен кейін микрофонды қолдануға болады.

## Bluetooth құрылғысын пайдалану


Жоғары сапалы стерео дыбыспен музыканы сымсыз тыңдау үшін Bluetooth құрылғысын пайдалануға болады!

### Bluetooth дегеніміз не?

Bluetooth — Bluetooth функциясымен үйлесімді құрылғыларға сымсыз байланысты пайдаланып бір-бірімен оңай өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін технология.

- Bluetooth құрылғысы мына жағдайларда ызылдауы немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін:
  - денеңіздің бір бөлігі Bluetooth құрылғысының немесе үй кинотеатрының қабылдау/тарату жүйесіне тиіп тұрғанда;
  - қабырға, бұрыш немесе кеңсені бөлу тудыратын кедергілерден тоқтың өзгерулері әсер еткенде;
  - бірдей жиіліктер ауқымындағы құрылғылар, соның ішінде, медициналық жабдық, микротолқынды пештер және сымсыз жергілікті желілер шығаратын электр кедергілері әсер еткенде.
- Үй кинотеатры мен Bluetooth құрылғысын бір-біріне жақын орналастырып жұптастырыңыз.
- Үй кинотеатры мен Bluetooth құрылғысының арасындағы қашықтық алшақ болған сайын, байланыс сапасы да нашарлау болады. Қашықтық Bluetooth құрылғысының жұмыс істеу ауқымынан асып кетсе, байланыс үзіледі.
- Қабылдау сезімталдығы нашар аймақтарында Bluetooth қосылымы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Үй кинотеатрының тиімді қабылдау ауқымы ешқандай кедергі болмаған жағдайда барлық бағыттарда 10 метрге дейін жетеді. Құрылғы бұл ауқымнан тыс болса, қосылым автоматты түрде үзіледі. Осы ауқым ішінде болғанына қарамастан, қабырғалар немесе есіктер сияқты кедергілер себебінен дыбыс сапасы төмендеуі мүмкін.
- Бұл сымсыз құрылғы жұмыс істеу кезінде электр кедергілерін тудыруы мүмкін.

## Үй кинотеатрын Bluetooth құрылғысына қосу



### Bluetooth құрылғысы

Бастамай тұрып Bluetooth құрылғысы Bluetooth функциясымен үйлесімді стерео гарнитура функциясын қолдайтынын тексеріңіз.

1. **BT** хабарын көрсету үшін, қашықтан басқару құралындағы **FUNCTION** түймесін басыңыз.
2. Қосылған қажет Bluetooth құрылғысында Bluetooth мәзірін таңдаңыз. Нұсқауларды Bluetooth құрылғысының нұсқаулығына қараңыз.
3. Bluetooth құрылғысында Stereo headset (Стерео құлақаспап) мәзірін таңдаңыз.
  - Құрылғылар тізімі ашылады
4. Ізделетін тізімнен «**[HTS]NXXXXX**» тармағын таңдаңыз.
  - Үй кинотеатры Bluetooth құрылғысына қосылу кезде қосылған Bluetooth құрылғысының атауы, одан кейін үй кинотеатрының атауы үй кинотеатрының алдыңғы дисплейінде көрсетіледі.
5. Қосылған құрылғыда музыканы ойнатыңыз.
  - Қосылған Bluetooth құрылғысында ойнап жатқан музыканы үй кинотеатры жүйесінен тыңдай аласыз.

- 📎 Үй кинотеатры тек сапасы орташа SBC деректеріне (48 кГц жылдамдығында 237 кбит/сек-қа дейін) қолдау көрсетеді және сапасы жоғары SBC деректеріне (44,1 кГц жылдамдықта 328 кбит/сек) қолдау көрсетпейді.
- 📎 AVRCP функциясына қолдау бар. Қосылған құрылғының техникалық сипаттамаларына байланысты оның функциялары әр түрлі болады.
- 📎 Тек A2DP профайлын қолдайтын Bluetooth құрылғысына қосыңыз.
- 📎 Бір уақытта тек бір Bluetooth құрылғысын жұптауға болады.
- 📎 Келесі жағдайларда іздеу немесе қосылу функциялары дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін:
  - үй кинотеатрының жанында немесе айналасында күшті электр өрісі болса.
  - өніммен бір уақытта бірнеше Bluetooth құрылғысы жұпталса;
  - Bluetooth құрылғысы кенеттен өшсе немесе дұрыс жұмыс істемесе;

# Мазмұнды Ойнату

- қысқа толқынды пештер, сымсыз жергілікті желі адаптерлері, люминесцентті шамдар және газ плиталары сияқты құрылғылар Bluetooth құрылғысымен бірдей жиіліктер ауқымын пайдаланатынын ескеріңіз, бұл өз кезегінде электр кедергісін тудыруы мүмкін.


Bluetooth функциясымен немесе ұялы телефон сияқты басқа құрылғылармен жақсы үйлесуі үшін құрылғының соңғы нұсқасына жаңартуға кеңес береміз.

## Bluetooth құрылғысын үй кинотеатрынан ажырату

Үй кинотеатрын Bluetooth құрылғысынан ажыратуға болады. Нұсқауларды Bluetooth құрылғысының нұсқаулығынан қараңыз.

- Үй кинотеатры Bluetooth құрылғысынан ажыратылғанда, үй кинотеатры алдыңғы дисплейде **DISCONNECTED** хабарын көрсетеді.

## Үй кинотеатрын Bluetooth құрылғысынан ажырату

**BT** режимінен басқа режимге ауысу немесе үй кинотеатрын өшіру үшін, үй кинотеатрының алдыңғы панеліндегі  түймесін басыңыз.

- Үй кинотеатры функцияларды өзгерту арқылы ажыратылған жағдайларды есепке алмағанда, қосылған Bluetooth құрылғысы қосылымды аяқтау алдында үй кинотеатрынан белгілі бір уақыт бойы жауап күтеді. (Bluetooth құрылғысына байланысты ажырату уақыты әртүрлі болуы мүмкін.)

Bluetooth қосылым режимінде Bluetooth қосылымы үй кинотеатрының жүйесі мен Bluetooth құрылғысының арасындағы қашықтық (10 метр) асып кеткен жағдайда жоғалады. Bluetooth құрылғысы қайтадан жарамды қашықтық ауқымына кіргенде немесе Bluetooth құрылғысын қайта іске қосқанда қайта қосылу үшін құрылғыны және үй кинотеатрын жұптастыру керек.

Bluetooth режимінде Bluetooth құрылғысы дайын күйінде 5 минут бойы тұрғанда экран қорғаушы іске қосылады. Bluetooth құрылғысын қайта қосу үшін экран қорғаушыны өшіріңіз де, құрылғыны қосыңыз. Экран қорғаушыны өшіру үшін қашықтан басқару құралында кез келген түймені (дыбыс деңгейі түймесі, сандық түйме, т.б.) басыңыз.

## Bluetooth функциясын пайдаланғанда қуаттың қосылуы

Үй кинотеатры өшірулі болғанда смарт құрылғысын өнімге Bluetooth арқылы қосу себебінен үй кинотеатры іске қосылуы мүмкін.

Айнымалы ток сымсыз айнымалы ток көзіне қосылу болғанда **Quick start** функциясы қол жетімді болады.


Бұл функцияны пайдалану үшін **Settings > System > Quick start** параметрі үшін **On** опциясын таңдаңыз.


Осы мүмкіндікті пайдалану үшін алдымен Үй кинотеатры мен смарт құрылғысы арасындағы Bluetooth байланысы орнатылуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, Үй кинотеатры смарт құрылғысының белгілі Bluetooth құрылғыларының тізімінен табылуы тиіс.

1. Смарт құрылғыңызды өнімге Bluetooth функциясы арқылы қосыңыз. (Bluetooth қосылымдары туралы ақпаратты құрылғының нұсқаулығынан қараңыз.)
2. Қосылу жасалғанда үй кинотеатры автоматты түрде **BT** режимінде іске қосылады.
  - Смарт құрылғызда ойнатылатын музыканы таңдаңыз.


## NFC (Near Field Communication) функциясын пайдалану

NFC функциясымен үйлесімді құрылғыны Bluetooth арқылы төмендегі қарапайым орнату процедурасын пайдаланып үй кинотеатрына жалғаңыз. Смартфондағы әндерді үй кинотеатры арқылы ойнатуға болады.



1. Смартфондағы NFC функциясын қосып, экранды құлыптау функциясының өшірулі екенін тексеріңіз. Экран құлыптауы қосылу болса, смартфонның NFC функциясы жұмыс істемейді.
2. NFC функциясына қолдау көрсететін құрылғыны үй кинотеатрының үстіндегі NFC логотипіне  жайлап тигізіңіз.
3. Смартфонда Bluetooth қосылымын жалғастыру қажет / қажет еместігін сұрайтын қалқымалы терезе ашылады. «Yes» (Иә) жауабын таңдаңыз.
  - Қосылу аяқталғанда, «connected» (қосылды) харабы көрсетіледі.
4. NFC құрылғысын ажырату үшін, құрылғыны қайтадан үй кинотеатрының үстіңгі панеліне тигізіңіз.
  - Бірінші смартфон әлі де қосылу кезде, басқа NFC құрылғысын қосу үшін, сол құрылғыны үй кинотеатрының үстіңгі панеліне тигізіңіз. Үй кинотеатры бірінші смартфонды ажыратады да, екінші смартфонға жалғады.

- 📌 NFC функциясы Android OS 4.1 Jellybean немесе одан кейінгі нұсқадағы амалдық жүйемен жұмыс істейтін Android құрылғыларына кірістірілген.
  - Құрылғы Android OS 4.1 Jellybean амалдық жүйесінен бұрынғы нұсқадағы Android амалдық жүйесімен жұмыс істейтін болса, NFC функциясын қолдану үшін Android дүкенінің торабынан «Samsung NFC Connection» қолданбасын жүктеп алу қажет.
- 📌 Смартфондардағы NFC антеннасының орналасуы әр түрлі болады. NFC антеннасының орналасқан жерін қоспай тұрып тексеріңіз. Қосылым жасамастан бұрын антеннаның орнын тексеру үшін ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- 📌 Егер смартфон қалың қаптамамен жабылған болса, қосылым жасалауы мүмкін.
- 📌 **Quick start** опциясы **On** күйіне қойылса, үй кинотеатры өшкенде де NFC байланысы жұмыс істейді. Дегенмен, қуат сым ажыратылып, қайта қосылса, NFC байланысы тек үй кинотеатры қосылғанда жұмыс істейді.
- 📌 **NFC Forum, Inc.** корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгісі болып табылады.
- 📌 Bluetooth қосылымына арналған NFC тегі қуатты қосу және өшіру кезінде орнатылмайды.
- 📌 Bluetooth қосылымына арналған NFC тегі батарея көрсеткіші жыпылықтап тұрған кезде жұмыс істемейді.



## Арнайы әсерлер қашықтан басқару түймелерін пайдалану

<b>TV SOUND</b>	TV SOUND 
-----------------	--------------

Anynet+ (HDMI-CEC) мүмкіндігі бар теледидар иеленсеңіз, ондағы **TV SOUND** түймесі теледидар дыбысын үй кинотеатрының динамиктеріне не теледидар динамиктеріне бағыттауға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. HDMI кабелін теледидарға және үй кинотеатрына жалғаңыз. (11-бетті қараңыз)
2. Үй кинотеатрындағы және теледидардағы **Anynet+ (HDMI-CEC) On** параметрін орнатыңыз.
3. Қашықтан басқару құралындағы **TV SOUND** түймесін басыңыз. Алдыңғы панельдегі дисплейде **TV SOUND ON** хабары жыпылықтап, **D. In** жазуына өзгереді.
  - Теледидар дыбысы қосылғанда, оның дыбысы үй кинотеатрының динамиктері арқылы шығады.

4. Теледидар дыбысын өшіру үшін **TV SOUND** түймесін қайтадан басыңыз.

- Теледидар дыбысы өшірілгенде, оның дыбысы қосылған Anynet+ теледидарының динамиктері арқылы шығады.

### ❑ Теледидар дыбысын пайдалану:

- 1) теледидардың дыбысын үй кинотеатрының динамиктері арқылы тыңдау үшін;
- 2) дыбысты теледидарға үй кинотеатры арқылы қосылған USB құрылғысы арқылы тыңдау үшін.

### ❑ TV SOUND ON/OFF (ТД ДЫБЫСЫН ҚОСУ/ӨШІРУ) мүмкіндігіне қолдау көрсетілетін техникалық сипаттамалар:

Anynet+ (HDMI-CEC) параметрі	TV Sound ON (ТД дыбысы ҚОСУЛЫ)	TV Sound OFF (ТД дыбысы ӨШІРУЛІ)
ҚОСУ	ҮКЖ динамигінің шығысы	ҮКЖ динамигін өшіру
	ТД динамигін өшіру	ТД динамигінің шығысы
ӨШІРУ	ҮКЖ динамигінің шығысы	ҮКЖ динамигін өшіру
	ТД динамигінің шығысы	ТД динамигінің шығысы
Еш әрекет жоқ	ҮКЖ динамигінің шығысы	ҮКЖ динамигін өшіру
	ТД динамигінің шығысы	ТД динамигінің шығысы

<b>DSP/EQ</b>	DSP/EQ 
---------------	------------

Түрлі дыбыс режимінде тыңдай аласыз.

- ▼ **DSP OFF** : Қалыпты тыңдау үшін таңдаңыз.
- ▼ **CINEMA** : Фильм көздері үшін шынайы және күшті дыбыс шығарады.
- ▼ **MUSIC** : Бүкіл дыбыс көздері үшін қолайлы.
- ▼ **GAME** : Бейне ойындарды ойнату үшін қолайлы және күшті дыбыс шығарады.
- ▼ **M-STEREO (Мульти стерео)** : 2 арналы дыбыс көздері үшін көлемді дыбыс шығарады.
- ▼ **POWER BASS** : Басс дыбыс әсерін күшейтеді.
- ▼ **LOUD** : Басс дыбыс сапасының көрсеткіштерін шығыс деңгейіне сай жақсартады.
- ▼ **NIGHT** : Динамикалық ауқымды (жұмсақ дыбыс) қысу арқылы түнге оңтайландырады.

# Желі қызметтері

## BD-LIVE™ функциясын пайдалану

1. Өнімді желіге жалғаңыз.(12-бетті қараңыз)
2. Желі параметрлерін реттеңіз.(18~20 беттерді қараңыз)

Өнім желіге қосылған соң, BD-LIVE қызметін қолдайтын дискілерде түрлі фильмдерге байланысты қызмет мазмұнын көруге болады.

1. USB жад құрылғысын өнімнің алдыңғы жағындағы USB ұясына жалғаңыз да, оның қалған жад көлемін **BD Data Management** параметрі арқылы тексеріңіз. BD-LIVE қызметтері үшін жад құрылғысының кем дегенде 1 Гбайт бос орны болуы керек.
  2. Басты экранында **Settings** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  3. **System** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  4. **BD Data Management** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  5. **Change Device** тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
  6. **USB DISC** тармағын таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
  7. BD-LIVE қызметін қолдайтын Blu-ray дискісін салыңыз.
  8. Диск өндірушісі қамтамасыз еткен әртүрлі BD-LIVE қызмет мазмұндары тізімінен бір элементті таңдаңыз.
-  Диск өндірушісіне байланысты, BD-LIVE қызметін қолдану тәсілі мен қамтамасыз етілген мазмұндар әртүрлі болуы мүмкін.



## DLNA функциясын пайдалану

DLNA үй кинотеатры арқылы компьютердегі файлдарды ашып, ойнатуға мүмкіндік береді.

Компьютерде DLNA бағдарламалық құралын орнату және үй кинотеатрымен бөлісу қажет қалталар мен файлдарды белгілеу үшін DLNA бағдарламалық құралының пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларды орындаңыз.

DLNA бағдарламалық құралын орнатқаннан кейін компьютердегі файлдарды ашып, ойнату үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді, теледидарды және үй кинотеатрын қосыңыз.
2. Компьютерде DLNA Shared сервері істеп тұрғанын тексеріңіз.

3. Үй кинотеатрынан **Change Device** тармағын таңдаңыз.
  4. Құрылғылар тізімінен компьютеріңізді таңдау үшін  түймесін басыңыз.
  5. Көру не ойнату керек **Photos, Videos** не **Music** сияқты файл түрін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
  6.  түймесінің көмегімен таңдаған файлдар бар қалтаны таңдаңыз да,  түймесін басыңыз. Файлдар тізімі көрсетіледі.
  7. Ойнату немесе көру керек файлды таңдап,  түймесін басыңыз.
-  USB құрылғыларында және дискілерде файлдардан ойнату тізімін жасаумен бірдей әдіс арқылы компьютерде файлдардан ойнату тізімін жасауға болады.
-  Бірнеше жағдайларды қоспағанда, компьютердегі файлдардың ойнатылуын USB құрылғылары мен дискілердегі файлдарды басқарғандай жолмен басқаруға болады.
-  Компьютердегі файлдарға алдымен Басты экранындағы **Photos, Videos** немесе **Music** опциясын, содан кейін экранға шыққан құрылғылар тізімінен компьютерді таңдау арқылы қол жеткізуге болады.

## Бағдарламалар

Осы үй кинотеатры тікелей жүктеп алуға және үй кинотеатрынан көруге болатын жаңалықтардың, фильмдердің, ауа рай мәліметтерінің және басқа да мазмұнның ауқымды жинағын ұсынады. Алдымен желіні тексеріп, үй кинотеатры Интернетке жалғанғанын тексеріңіз. Бағдарламалар мүмкіндігін пайдалану үшін үй кинотеатры Интернетке қосулы болуы керек.

Бағдарламалар мүмкіндігі арқылы ұсынылатын бағдарламалар онлайн нұсқалары сияқты жұмыс істейді, ал өзгешелігі оны оңай пайдалануға болатындығында.

Пайдалану мүмкіндігі болу үшін, бағдарламалар есептік жазбаның жасалуын талап етеді. Осы тораптардың көбінде есептік жазбаны үй кинотеатрынан жасау мүмкін болағанымен, оларды Интернетке қосылған компьютерден, ноутбуктен не планшеттен сол тораптарға кіріп жасаған жеңілрек әрі тезірек болады. Кейбір жағдайларда есептік жазба жасау үшін үй кинотеатрын және компьютерді, ноутбукті не планшетті пайдалану қажет болатынын ескеріңіз. Стандартты онлайн нұсқалары мен үй кинотеатры арқылы пайдалануға болатын нұсқалардың арасындағы басты айырмашылық үй кинотеатры нұсқаларында әріптерді енгізу үшін пернетақтаның орнына қашықтан басқару құралы пайдаланылатынында.

## Бағдарламаларды пайдалану


Кез келген бағдарламаны бірінші рет ашқанда үй кинотеатры екі келісім көрсетеді. Қандай да бір бағдарламаны жүктеп алу және пайдалану үшін келісімнің екеуін де қабылдауыңыз керек.

Бағдарламаны бастау үшін оны екі рет басып, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Opera TV Store дүкенін пайдалану



Opera TV Store дүкенінен жоғары сапалы Интернеттегі бейне ағыны, әлеуметтік желі және музыка ағыны қызметтерін табуға болады.

### Opera TV Store дүкеніне кіру


Opera TV Store ішіне кіру үшін Басты экранындағы Opera TV Store түймесін, содан кейін  түймесін басыңыз.

Opera TV Store ішінен шығу үшін қашықтан басқару құралындағы EXIT не RETURN түймесін басыңыз.

### Opera TV Store дүкеніне өту

Opera TV Store экраны ашылғанда, әр түрлі бағдарламалар қоры көрсетіледі. Бағдарламалардағы бөлектеулерді жылжыту үшін қашықтан басқару құралындағы   түймелерін пайдаланыңыз.


## Бағдарламаны таңдау



Бөлектеуді керекті бағдарламаға жылжытып,  түймесін басыңыз.

Ашылған қалқымалы экраннан бағдарламаны бірден ашу үшін OPEN түймесін немесе бағдарламаны My Apps ішіне қосу үшін ADD TO MY APPS түймесін басыңыз. Opera TV Store экранына қайту үшін қашықтан басқару құралындағы RETURN түймесін басыңыз.


## Бағдарламаларды санаты бойынша таңдау

Бағдарламаларды іздеу жолын жеңілдету үшін, оларды Popular, Watch, Listen, Play, т.б. санаттар бойынша көруге болады.





Санатты таңдау мақсатында бөлектеуді экранның жоғарғы жағына жылжыту үшін қашықтан басқару құралындағы  түймесін басыңыз.

Содан кейін, санатты таңдау үшін   түймелерін пайдаланыңыз.



## My Apps экранын пайдалану

My Apps экранын ашу үшін, MY APPS опциясын бөлектеп,  түймесін басыңыз. My Apps экраны ашылып, My Apps белгісімен сақталған барлық бағдарламаларды көрсетеді.

## Менің бағдарламаларым қалтасынан бағдарламаларды жою




1. My Apps экранының үстіндегі MENU түймесін бөлектеп, қашықтан басқару құралындағы  түймесін басыңыз.
2. Мәзірдің ішінен REMOVE APPS тармағын таңдап,  түймесін басыңыз. Бағдарламалардың біреуінің айналасында қызыл тік төртбұрыш пайда болады.
3. Тік төртбұрышты жою керек бағдарламаға жылжытып,  түймесін басыңыз.
4. Қосымша бағдарламаларды жою үшін осы процесті қайталаңыз.
5. Аяқтағаннан кейін, Done опциясын таңдап,  түймесін басыңыз.
6. Негізгі экранға қайту үшін RETURN түймесін басыңыз.

## Бағдарламаларды іздеу

1. Экранның жоғарғы жағындағы SEARCH тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
2. Танымал элементтерді жылдам іздеу үшін, экранның жоғарғы жағындағы танымал іздеу қойындыларының бірін ашыңыз,
3. Кез келген бағдарламаны атауы бойынша іздеу үшін, атауды экрандағы пернетақтаны пайдаланып енгізіңіз. Opera TV Store теру барысында іздеу жасап, енгізілген әріптерге сәйкес келетін атаулары бар бағдарламаларды көрсетеді.
  - Ағымдағы іздеуден бас тарту үшін, қашықтан басқару құралындағы RETURN түймесін немесе экрандағы BACK түймесін, содан кейін  түймесін басыңыз.

## Screen Mirroring

Screen Mirroring функциясы смартфонның немесе басқа үйлесімді құрылғының экранын Miracast™ технологиясы арқылы теледидар экранынан көрсетуге мүмкіндік береді. Қолмен экранның айналық көшірмесін көрсету үшін кабель не сымсыз маршрутизатор қажет емес.

1. Басты экранындағы   түймелері арқылы Screen Mirroring тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.
2. Смартфонда не құрылғыда AllShare Cast бағдарламасын іске қосыңыз.

# Желі қызметтері

3. Құрылғыда қол жетімді құрылғылардың тізімінен үй кинотеатры жүйесінің атауын табыңыз да, таңдаңыз.
4. Теледидар қосылу туралы хабарды (мысалы, Connecting to Android\_92gb... (Android\_92gb... құрылғысына қосылу орындалуда)), содан кейін қосылғаны туралы хабарды көрсетеді.
5. Бірнеше секундтан кейін құрылғының экраны теледидарда көрсетіледі.
  - **Screen Mirroring** функциясын қолданған кезде ортаңызға байланысты бейненің тоқтауы немесе дыбыстың жоғалуы орын алуы мүмкін.
  - Үй кинотеатры AllShare Cast мүмкіндігіне қолдау көрсететін құрылғыларды қоса алады. Өндірушіге байланысты AllShare Cast мүмкіндігі бар барлық құрылғыларға қолдау көрсетіле бермейтіндігін ескеріңіз. Мобильді байланысқа қолдау туралы қосымша ақпаратты өндірушінің веб-торабынан қараңыз.
  - Bluetooth сигналдарының таратылуы **Screen Mirroring** сигналдарына кедергі келтіруі мүмкін. **Screen Mirroring** функциясын қолданбас бұрын, смартфонда немесе смарт құрылғыда Bluetooth функциясын өшіруді қатал түрде ұсынамыз.

## Қосымша ақпарат

### Ескертпелер

#### Қосылымдар

##### HDMI OUT (HDMI ШЫҒЫСЫ)

- Теледидарға байланысты кейбір HDMI шығыс ажыратымдылықтары жұмыс істемеуі мүмкін.
- 3D технологиясындағы бейнелерді көру үшін, HDMI байланысы болуы керек.
- HDMI кабелі ұзын болса, экранда кедергі пайда болуы мүмкін. Кедергілер орын алған жағдайда мәзірдегі **HDMI Deep Colour** тармағын **Off** параметріне орнатыңыз.

#### Settings

##### 3D Settings

- Кейбір 3D дискілерінде 3D ойнату барысында фильмді тоқтату үшін  түймесін бір рет басыңыз. Фильм тоқтайды және 3D режимі опциясы ажыратылады. 3D фильмі ойнатылып жатқанда 3D опциясының таңдауын өзгерту үшін  түймесін бір рет басыңыз. Blu-ray мәзірі пайда болады.  түймесін қайта басып, Blu-ray мәзірінен **3D Settings** тармағын таңдаңыз.
- Кескінің мазмұнына және теледидар экранындағы орналасуына байланысты, сол жақта, оң жақта немесе екі жағында да қара жолақтар пайда болуы мүмкін.

##### TV Aspect Ratio

- Диск түріне байланысты кейбір кадр пішімдерін қолдану мүмкін болмайды.
- Теледидардың кадр пішімінен өзге болатын кез келген кадр пішімі мен параметр таңдалғанда сурет бұрмаланып көрінуі мүмкін.
- Егер **16:9 Original** параметрі таңдалса, теледидарда **4:3 Pillarbox** (4:3 Пошта жәшігі) пішімі көрсетілуі мүмкін (суреттің шеттеріндегі қара жолақтар).

##### BD Wise (Тек Samsung өнімдері)

- **BD Wise** мүмкіндігі қосылып тұрғанда, **Resolution** параметрі автоматты түрде **BD Wise** мәніне орнатылып, **Resolution** мәзірінде «**BD Wise**» тармағы пайда болады.
- Өнім **BD Wise** мүмкіндігіне қолдау көрсетпейтін құрылғыға жалғанған болса, **BD Wise** функциясын пайдалану мүмкін болмайды.
- **BD Wise** мүмкіндігі дұрыс жұмыс істеуі үшін, **BD Wise** опциясы үшін өнімде және теледидарда **On** параметрін таңдаңыз.

##### Digital Output

- **Digital Output** параметрін дұрыс таңдау керек, әйтпесе ешбір дыбыс шықпайды немесе өте қатты шығады.
- HDMI құрылғысы (AV-ресивер, теледидар) қысылған пішімдермен (Dolby Digital, DTS) үйлесімді болмаса, дыбыс сигналы PCM ретінде шығады.
- Әдеттегі DVD дискілерінде **BONUSVIEW** дыбысы мен **Navigation Sound Effects** (Навигациялық дыбыс әсерлері) мүмкіндігі жоқ.
- Кейбір Blu-ray дискілерінде **BONUSVIEW** дыбысы мен **Navigation Sound Effects** (Навигациялық дыбыс әсерлері) мүмкіндігі жоқ.
- Бұл **Digital Output** параметрі теледидардағы аналогтық (C/O) дыбысқа немесе HDMI дыбыс шығысына әсер етпейді. Ол өнім AV ресиверіне қосылғанда оптикалық және HDMI дыбысының шығысына әсер етеді.
- MPEG дыбыс жолдары ойнатылғанда, **Digital Output** сигналының таңдалған түріне қарамастан (PCM немесе Бит ағыны), дыбыстық сигнал PCM пішімінде беріледі.
- **Digital Output** параметрін **Speaker Selection** үшін **TV Speaker** таңдалғанда іске қосуға болады.

##### BD-Live Internet Connection

- BD-LIVE мазмұнын пайдаланғанда, Интернет байланысы шектеулі болуы мүмкін.

##### Anynet+ (HDMI-CEC)

- Теледидар түріне байланысты, кейбір HDMI шығыс ажыратымдылықтары жұмыс істемеуі мүмкін. Теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- HDMI кабелі CEC сигналын қолдамаса, бұл функцияны пайдалану мүмкін емес.
- Егер Samsung теледидарында Anynet+ логотипі болса, онда ол Anynet+ функциясын қолдайды.

##### BD Data Management

- Сыртқы жадтан ойнатылғанда, USB құрылғысын ойнату барысында ажыратса, ойнату тоқтайды.
- Тек FAT файлдық жүйесінде пішімделген (DOS 8.3 том белгісі) USB құрылғыларына қолдау көрсетіледі. Оқу/жазу жылдамдығы 4 МБ/сек немесе одан жоғары USB 2.0 протоколын қолдайтын USB құрылғыларын пайдалануға кеңес беріледі.
- **Resume Play** (Ойнатуды жалғастыру) функциясы сақтау құрылғысы пішімделгеннен кейін жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жағдайға қарай, **BD Data Management** үшін қол жетімді жалпы жад көлемі өзгеше болуы мүмкін.

##### DivX® Video On Demand

- DivX(R) VOD туралы қосымша ақпарат алу үшін, «<http://vod.divx.com>» торабына кіріңіз.

## Speaker Settings

- **Speaker Selection** үшін **TV Speaker** таңдалғанда дыбыс теледидар динамиктері арқылы шығады.

## HDMI дыбысы

- HDMI дыбысы TD динамиктеріне шығарылғанда, ол автоматты түрде 2 арнаға дейін төмендетіледі.

## Audio Return Channel

- **Anynet+ (HDMI-CEC)** функциясы үшін **Off** таңдалған болса, **Audio Return Channel** функциясы қол жетімді болмайды.
- ARC (Дыбысты қайтару арнасы) үшін куәландырылмаған HDMI кабелін пайдалану үйлесімділік проблемасын тудыруы мүмкін.
- ARC функциясы тек ARC-үйлесімді теледидар қосылғанда қол жетімді болады.

## Ойнату

### Бейне файлдарын ойнату

- Бит ағыны жоғары (20 Мбит/с немесе одан көп) бейне файлдар өнімнің мүмкіндіктерін шектеп, ойнату кезінде ойнатуды тоқтатуы мүмкін.

### Дыбыс тілін таңдау

- BONUSVIEW бөлімінде BONUSVIEW дыбыс параметрлері болмаса, экранда ◀▶ белгісі көрсетілмейді.
- Дыбыс тілі функциясы арқылы пайдалануға болатын тілдер дискіде кодталған тілдерге тәуелді болады. Бұл функцияны немесе белгілі тілдерді пайдалану мүмкін болмауы ықтимал.
- Кейбір Blu-ray дискілері PCM немесе ағылшын тіліндегі Dolby Digital дыбыс жолын таңдауға мүмкіндік береді.

### Субтитр тілін таңдау

- Blu-ray / DVD дискісіне байланысты, қалаған субтитр тілін Диск мәзірі ішінен өзгертуге болады. DISC MENU түймесін басыңыз.
- Бұл функция дискіге кодталған субтитр тілдеріне байланысты болып, Blu-ray /DVD дискілерінің барлығында бола бермеуі мүмкін.
- Негізгі мүмкіндік BONUSVIEW режимі туралы ақпарат Blu-ray дискінің BONUSVIEW бөлімі болған жағдайда да көрсетіледі.
- Бұл функция бастапқы және соңғы субтитрді бірге өзгертеді.
- Негізгі және қосалқы субтитрлердің жалпы саны тиісінше көрсетіледі.

## JPEG файлдарын ойнату

- Субтитрді және PG графикасын толық экранды режимде үлкейту мүмкін болмайды.

## Мазмұнды Ойнату

### Суреттерді ойнату кезінде TOOLS түймесін пайдалану

- Үй кинотеатры **BD Wise On** параметрі таңдалған BD Wise мүмкіндігімен үйлесімді теледидарға жалғанған болса, **Picture Settings** мәзірі ашылмайды.
- **Background Music** функциясы музыка файлы мен фотосурет файлы бірдей сақтау құрылғысында орналаспаса жұмыс істемейді. Сондай-ақ, дыбыс сапасына MP3 музыка файлының бит жылдамдығы, фотосуреттің өлшемі және кодтау әдісі әсер етуі мүмкін.

## Диск және пішім үйлесімділігі

### Өнім ойнататын диск түрлері мен мазмұн

Мультимедиа	Диск түрі	Мәліметтер
БЕЙНЕ	Blu-ray дискі 3D Blu-ray дискі	BD-RE пішімінде жазылған BD-ROM немесе BD-RE/-R дискі.
	DVD-VIDEO, DVD-RW, DVD-R, DVD+RW, DVD+R	DVD-VIDEO, жазылған және пішімделген DVD+RW/DVD-RW(V)/DVD-R/+R дискілері немесе DivX, MKV, MP4 мазмұндарын қамтитын USB жад құрылғысы.
МУЗЫКА	CD-RW/-R, DVD-RW/-R, BD-RE/-R	CD-RW/-R, DVD-RW/-R, BD-RE/-R дискілеріне жазылған музыка немесе MP3 не WMA мазмұндарын қамтитын USB сақтау құралы.
ФОТОСУРЕТ	CD-RW/-R, DVD-RW/-R, BD-RE/-R	CD-RW/-R, DVD-RW/-R, BD-RE/-R дискілеріне жазылған фотосуреттер немесе JPEG мазмұндарын қамтитын USB сақтау құралы.

✎ Диск түріне немесе жазу жағдайларына байланысты өнім белгілі бір CD-RW/-R және DVD-R дискілерін ойнатпауы мүмкін.

- 📀 DVD бейне пішімінде дұрыс жазылмаған болса, DVD-RW/-R дискісі ойнатылмайды.
- 📀 Өнім DVD-R дискісіне 10 Мбит/с-тан жоғары бит жылдамдығымен жазылған мазмұнды ойнатпайды.
- 📀 Өнім BD-R дискісіне немесе USB құрылғысына 30 Мбит/с-тан жоғары бит жылдамдығымен жазылған мазмұнды ойнатпайды.
- 📀 Ойнату кейбір диск түрлеріне немесе көру бұрышы мен кадр пішімінің өзгертілуі сияқты арнайы әрекеттер орындалғанда жұмыс істемеуі мүмкін. Диск туралы толық ақпарат диск қорабында жазылған. Қажет болса, соны қараңыз.
- 📀 BD-J тақырыбы ойнатылғанда, оның жүктелуі қалыпты тақырыпқа қарағанда ұзағырақ уақыт алуы немесе кейбір функциялар баяу орындалуы мүмкін.

## Өнім ойнатпайтын диск түрлері

- HD DVD
- DVD-ROM/PD/MV дискілері, т.с.с.
- DVD-RW(VR режимі)
- CVD/CD-ROM/CDV/CD-G/CD-I/LD/CD-G кеңейтілімдері суреттерді емес, дыбысты ғана ойнайды).
- DVD-RAM
- Супер дыбысты CD (CD қабатынан басқа)
- Жазуға арналған 3,9 Гбайт DVD-R дискі.









📀 Ойнату кезінде кейбір Blu-ray, DVD және ықшам дискілері арнайы немесе шектеулі режимде жұмыс істейтіндіктен және тек арнайы мүмкіндіктерді ұсынатындықтан, бұл өнім барлық жұмыс пәрмендерін орындамауы мүмкін. Бұл өнім ақаулығы емес екенін ескеріңіз.

📀 Samsung бұл өнімнің Blu-ray Disc, DVD немесе CD логотипті кез келген дискіні ойнататынына кепілдік бермейді, себебі диск пішімдері даму үстінде, ал мәселелер мен қателер Blu-ray дискісінің, DVD, CD бағдарламалық құралын жасау және/немесе дискілер өндіру барысында пайда болуы мүмкін.

📀 Сұрақтарыңыз болса немесе бұл өнімде Blu-ray Disc, DVD немесе CD дискілерін ойнатуда қиындықтар туындаса, SAMSUNG компаниясының тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Сонымен қатар, ойнату шектеулері туралы қосымша ақпаратын осы нұсқаулықтың қалған бөлімдерінен табуға болады.

📀 Сіздің аймағыңыздан тыс жерден сатып алынған кейбір коммерциялық дискілер және DVD дискілері осы өніммен ойнатылмауы мүмкін.

## Өнім ойнататын дискілердің логотиптері

	
Blu-ray дискі	3D Blu-ray дискі
	
BD-LIVE	Dolby
	
DTS	Java
	
PAL – Ұлыбритания, Франция, Германия, т.с.с. елдердегі хабар тарату жүйесі.	DivX

## Аймақ коды

Өнімдер де, дискілер де аймақ бойынша кодталады. Дискіні ойнату үшін, осы аймақ кодтары бір-біріне сәйкес келуі қажет. Кодтар сәйкес келмесе, диск ойнатылмайды. Осы өнімнің аймақ нөмірі оның артқы панелінде көрсетілген.

Диск түрі	Аймақ коды	Аумақ
Blu-ray дискі		Солтүстік Америка, Орталық Америка, Оңтүстік Америка, Корея, Жапония, Тайвань, Гонконг және Оңтүстік-Шығыс Азия.
		Еуропа, Гренландия, Француз аумақтары, Таяу Шығыс, Африка, Австралия және Жаңа Зеландия.
		Үндістан, Қытай, Ресей, Орталық және Оңтүстік Азия.

<b>DVD-VIDEO</b>		АҚШ, АҚШ аумақтары және Канада
		Еуропа, Жапония, Таяу Шығыс, Мысыр, Африка, Гренландия
		Тайвань, Корея, Филиппин, Индонезия, Гонконг
		Мексика, Оңтүстік Америка, Орталық Америка, Австралия, Жаңа Зеландия, Тынық мұхиты аралдары, Кариб теңізі аймағы
		Ресей, Шығыс Еуропа, Үндістан, Солтүстік Корея, Монғолия
		Қытай

Егер Blu-ray Disc/DVD дискілерінің аймақ нөмірі осы өнімнің аймақ нөміріне сәйкес келмесе, өнім дискіні ойната алмайды.

## AVCHD (Күрделі бейне кодек – жоғары айқындық)

- Бұл өнім AVCHD пішіміндегі дискілерді ойната алады. Бұл дискілер әдетте бейнекамераларда жазылады және қолданылады.
- AVCHD пішімі – айқындығы жоғары сандық бейне камера пішімі.
- MPEG-4 AVC/H.264 пішімі әдеттегі сурет қысу пішіміне қарағанда суреттерді жақсырақ қысады.
- Кейбір AVCHD дискілері «x.v.Colour» пішімін қолданады. Бұл өнім «x.v.Colour» пішімін пайдаланатын AVCHD дискілерін ойната алады.
- «x.v.Colour» Sony Corporation корпорациясының сауда белгісі болып табылады.
- «AVCHD» және AVCHD логотипі – Matsushita Electronic Industrial Co., Ltd. және Sony корпорациясының сауда белгілері.

Жазылу жағдайына байланысты кейбір AVCHD пішіміндегі дискілер ойнатылмауы мүмкін.

AVCHD пішіміндегі дискілер пішімделуді қажет етеді.

«x.v.Colour» түс ауқымын қалыпты DVD камкордер дискілеріндегіге қарағанда кеңірек болады.

Бейне ажыратымдылығы мен кадр жиілігі жағдайына байланысты кейбір DivX, MKV және MP4 пішіміндегі дискілер ойнатылмауы мүмкін.

## Қолдау көрсетілетін пішімдер

### USB байланысына қатысты ескертпелер

- Өнім USB жад құрылғысын, MP3 ойнатқыштарын, сандық камераларды және USB картасын оқу құрылғыларын қолдайды.
- Өнім 128 таңбадан ұзын болатын қалта немесе файл атауларын қолдамайды.
- Кейбір USB/сандық бейнекамера құрылғылары өніммен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Өнім FAT 16, FAT 32 және NTFS файл жүйелерін қолдайды.
- USB құрылғыларын өнімнің USB портына тікелей жалғаныз. USB кабелі арқылы жалғау үйлесімділік мәселелерін туғызуы мүмкін.
- Бірнеше ұялы карта оқу құрылғысына бірнеше жад құрылғысы жалғанса, карта оқу құрылғысы дұрыс істемеуі мүмкін.
- Өнім PTP протоколын қолдамайды.
- Деректерді тасымалдау не жазу кезінде USB құрылғысын ажыратпаңыз.
- Бейне ажыратымдылығы неғұрлым үлкен болса, оның көрсетілуіне соғұрлым ұзақ уақыт кетеді.
- Бұл өнім коммерциялық тораптардан жүктеп алынған DRM (сандық құқықтарды басқару) құқықтары бар MP3 файлдарын ойната алмайды.
- Өнім 30 кадр/с (кадр жиілігі) жылдамдығынан аспайтын бейнелерді ғана қолдайды.
- Өнім флеш-құрылғылар мен USB HDD құрылғылары сияқты USB ақпарат сақтау класындағы (MSC) құрылғыларды ғана қолдайды. (Хабқа қолдау көрсетілмейді.)
- Кейбір USB HDD құрылғылары, бірнеше картаны оқу құрылғылары және флеш-құрылғылар осы өніммен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Кейбір USB құрылғылар шамадан тыс қуат қажет етсе, олар тізбекті қорғау құралы тарапынан шектелуі мүмкін.
- USB HDD құрылғысынан ойнату тұрақсыз болса, HDD құрылғысын розеткаға қосу арқылы қосымша қуатты қамтамасыз етіңіз. Егер мәселе шешілмесе, USB HDD өндірушісіне хабарласыңыз.
- SAMSUNG компаниясы кез келген деректер файлының зақымдалуына немесе деректердің жоғалуына жауапты болмайды.

**Бейне файлының қолдауы**

Файл кеңейтілімі	Контейнер	Бейне кодегі	Дыбыс кодегі	Ажыратымдылық
*.avi	AVI	DivX 3.11/4/5/6 MP4v3 H.264 BP/MP/HP	MP3, Dolby Digital, DTS, WMA, PCM	1920x1080
*.mkv	MKV	VC-1 AP, DivX 5/6 H.264 BP/MP/HP	MP3, Dolby Digital, DTS	
*.wmv	WMV (wmv9)	VC-1 AP, VC-1 SM	WMA	
*.mp4	MP4	MP4 (mp4v) H.264 BP/MP/HP	AAC	
*.mpg / *.mpeg	PS	MPEG1 MPEG2 H.264 BP/MP/HP	MP1, 2 Dolby Digital, DTS	

**■ Шектеулер**

- Тіпті файл жоғарыда берілген қолдау көрсетілетін кодекпен кодталғанның өзінде, мазмұнында ақау болған жағдайда файл ойнатылмауы мүмкін.
- Файл контейнері туралы ақпарат қате немесе файлдың өзі зақымданған болса, оның қалыпты ойнатылатынына кепілдік жоқ.
- Бит жылдамдығы/кадр жиілігі стандарттыдан жоғары файлдар дыбыс/бейне ойнату кезінде тоқтап қала беруі мүмкін.
- Файлдың индекстер кестесі зақымданған болса, Seek (здеу) (өткізіп жіберу) функциясын қолдану мүмкін болмайды.

**■ Бейне декодері**

- H.264 Level 4.1 және AVCHD пішімдеріне дейін қолдайды
- H.264 FMO/ASO/RS және VC1 SP/MP/AP L4 пішімдерін қолдамайды
- MPEG4 SP, ASP : 1280 x 720 пикселден төмен: ең көбі 60 кадр  
1280 x 720 пикселден жоғары: ең көбі 30 кадр
- GMC 2 немесе одан кейінгі пішімдерді қолдамайды

**■ Дыбыс декодері**

- WMA 7, 8, 9 және STD пішімдерін қолдайды
- Дискретизация жиілігі 22050 Гц моно WMA пішімін қолдамайды.
- AAC: Ең жоғарғы үлгілеу жиілігі: 96 КГц (8, 11, 12, 16, 22,24, 32,44,1, 48, 64, 88,2, 96) Ең жоғарғы бит жиілігі: 320 кб/с

**■ Қолдау көрсетілетін DivX субтитр файлдарының пішімдері**

- \*.txt, \*.smi, \*.srt, \*.sub, \*.txt

**Музыкалық файл қолдауы**

Файл кеңейтілімі	Контейнер	Дыбыс кодегі	Қолдау ауқымы
*.mp3	MP3	MP3	-
*.wma	WMA	WMA	* Дискретизация жиілігі (кГц түрінде) - 8, 11, 16, 22, 32, 44,1, 48 * Биттерді тасымалдау жылдамдығы – 5-384 кбит/сек аралығындағы барлық жылдамдықтар

**Сурет файлының қолдауы**

Файл кеңейтілімі	Түрі	Ажыратымдылық
*.jpg / *.jpeg / *.jpe	JPEG	15360x8640
*.png	PNG	

## Сандық шығыс мүмкіндіктері

Орнату	PCM	Биттік ағын (Өңделмеген)	Биттік ағын (Қайта кодталған DTS)	Биттік ағын (Қайта кодталған Dolby D)	
<b>Қосылым</b>		<b>HDMI қолдауы бар AV-қабылдағышы</b>			
Blu-ray дискісіндегі дыбыс ағыны	PCM	PCM 7.1 арнаға дейін	PCM	DTS қайта кодталған	Қайта кодталған Dolby Digital *
	Dolby Digital	PCM 5,1 арнаға дейін	Dolby Digital		
	Dolby Digital Plus	PCM 5,1 арнаға дейін	Dolby Digital Plus		
	Dolby TrueHD	PCM 5,1 арнаға дейін	Dolby TrueHD		
	DTS	PCM 5,1 арнаға дейін	DTS		
	DTS-HD High Resolution Audio	PCM 5,1 арнаға дейін	DTS-HD High Resolution Audio		
	DTS-HD Master Audio	PCM 5,1 арнаға дейін	DTS-HD Master Audio		
DVD дискісіндегі дыбыс ағыны	PCM	PCM 2 арналы	PCM 2 арналы	PCM 2 арналы	PCM 2 арналы
	Dolby Digital	PCM 5,1 арнаға дейін	Dolby Digital	Dolby Digital	Dolby Digital
	DTS	PCM 5,1 арнаға дейін	DTS	DTS	DTS
Blu-ray дискінің анықтамасы	Кез келген	Негізгі мүмкіндіктің дыбысы мен BONUSVIEW дыбыс ағынын бірге PCM дыбысына кодсыздандырады және Навигациялық дыбыс әсерлері мүмкіндігін қосады.	AV ресивер дыбыстық бит ағынының кодын ашатын етіп тек басты мүмкіндік дыбыс ағынын шығарады. BONUSVIEW дыбысы немесе Навигациялық дыбыс әсерлері естілмейді.	Негізгі мүмкіндіктің дыбысы мен BONUSVIEW дыбыс ағынын бірге PCM дыбысына кодсыздандырады және Навигациялық дыбыс әсерлері мүмкіндігін қосады, одан кейін PCM дыбысын DTS бит ағынына қайта кодтайды.	Негізгі мүмкіндіктің дыбысы мен BONUSVIEW дыбыс ағынын PCM дыбысына бірге кодсыздандырады және Навигациялық дыбыс әсерлері мүмкіндігін қосады, одан кейін PCM дыбысын Dolby сандық бит ағынына немесе PCM дыбысына қайта кодтайды.

■ Сигнал көзінің ағыны 2 немесе 1 арналы болса, «Re-encoded Dolby D» (Қайта кодталған Dolby D) параметрлері қолданылмайды. Шығыс PCM 2 арналы болады.

Blu-ray дискілерінде үш дыбыс ағыны болуы мүмкін :



- Негізгі мүмкіндіктің дыбысы: Негізгі мүмкіндіктің дыбыс жолы.
- BONUSVIEW дыбысы: Режиссер немесе актер пікірі сияқты қосымша дыбыс жолы.
- Navigation Sound Effects (Навигациялық дыбыс әсерлері): Кейбір мәзір ішінде жылжу опцияларын таңдағанда Навигациялық дыбыс әсерлері мүмкіндігі дыбыс шығаруы мүмкін. Навигациялық дыбыс әсерлері мүмкіндігі әр Blu-ray дискілерінде әртүрлі болады.

## Шығыс сигналының режиміне сәйкес ажыратымдылық

Blu-ray дискісін/Электрондық мазмұнды/Сандық мазмұнды ойнату		DVD дискісін ойнату	
Орнату	Шығыс сигналы	HDMI режимі	
		Blu-ray дискі	Электрондық мазмұн/ Сандық мазмұн
BD Wise		Blu-ray дискісінің ажыратымдылығы	1080p@60F
Авто		Теледидар кіріс сигналының ең үлкен ажыратымдылығы	
1080p@60F		1080p@60F	-
1080p		-	1080p
Фильм кадры: Авто (24 кадр/с)		1080p@24F	-
1080i		1080i	1080i
720p		720p	720p
576p/480p		576p/480p	576p/480p


## Ақаулықтарды жою

Осы өнім дұрыс жұмыс істемегенде, төмендегі кестені қараңыз. Егер орын алған мәселе төменде берілмеген болса немесе төмендегі нұсқаулар көмектеспесе, құрылғыны өшіріп, қуат сымын суырыңыз да, ең жақын өкілетті дилерге немесе Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Белгі	Тексеру/шешімі
<b>Диск шығарылмайды.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қуат сымы розеткаға мықтап жалғанған ба?</li> <li>Қуатты ажыратып, қайта қосыңыз.</li> </ul>
<b>Ойнатылу басталмайды.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Blu-ray/DVD дискісінің аймақ нөмірін тексеріңіз. Шетелден сатып алынған Blu-ray/DVD дискісі ойнатылмауы мүмкін.</li> <li>Бұл өнімде CD-ROM және DVD-ROM дискілері ойнатылмайды.</li> <li>Рейтинг деңгейінің дұрыс екенін тексеріңіз.</li> </ul>
<b>Ойнату /  түймесін басқанда бірден басталмайды.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Пішіні бұзылған немесе беті сызылған диск қолданылып жатқан жоқ па?</li> <li>Дискіні тазалап сүртіңіз.</li> </ul>
<b>Дыбысы жоқ.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Үй кинотеатры жылдам ойнату, жай ойнату және қадамдық ойнату кезінде дыбысты шығармайды.</li> <li>Динамиктер дұрыс жалғанған ба? Орнатылған динамик дұрыс теңшелген бе?</li> <li>Диск қатты зақымданған ба?</li> </ul>
<b>Дыбыс барлық 6 динамиктен емес, тек бірекі динамиктен шығады.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кейбір Blu-ray/DVD дискілерінде дыбыс тек алдыңғы динамиктер арқылы шығады.</li> <li>Динамиктердің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.</li> <li>Дыбысты реттеңіз.</li> <li>Дыбысты ықшам дискінен, радиодан немесе теледидардан ойнатқанда өнім дыбысты тек алдыңғы динамиктерден шығарады.</li> </ul>

Белгі	Тексеру/шешімі
Dolby Digital 5.1 арналы көлемді дыбыс берілмейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дискіде «Dolby Digital 5.1 CH» белгісі бар ма? Dolby Digital 5.1 арналы көлемдік дыбыс диск 5.1 арналы дыбыспен жазылғанда ғана шығарылады.</li> <li>• Ақпараттық экранда дыбыс тілі Dolby Digital 5.1-CH етіп дұрыс орнатылған ба?</li> </ul>
Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қашықтан басқару құралын оның жұмыс ауқымында және сенсорға қатысты дұрыс бұрышта пайдаланып отырсыз ба?</li> <li>• Батареялардың заряды бітті ме?</li> <li>• Қашықтан басқару құралының режим (TV/BD) функциялары (TV немесе BD) дұрыс таңдалған ба?</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Диск айналып жатыр, бірақ бейне жоқ.</li> <li>• Сурет сапасы нашар және дірілдейді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Теледидардың қуаты қосылған ба?</li> <li>• Бейне кабельдері дұрыс жалғанған ба?</li> <li>• Диск лас немесе зақымдалған ба?</li> <li>• Нашар жасалған диск ойнатылмауы мүмкін.</li> </ul>
Дыбыс тілі және субтитрлер істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Егер дискіде бірнеше тілдегі дыбыс жолдары немесе субтитрлер болмаса, дыбыс тілі және субтитр функциялары жұмыс істемейді.</li> </ul>
Мәзір функциясы таңдалса да мәзір экраны көрсетілмейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ішінде мәзірлері жоқ диск пайдаланылып жатқан жоқ ба?</li> </ul>
Кадр пішімін өзгерту мүмкін емес.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 16:9 Blu-ray/DVD дискілерін 16:9 Full режимінде, 4:3 Letter Box режимінде немесе 4:3 Pan-Scan режимінде ойната аласыз, бірақ, 4:3 Blu-ray/DVD дискілері тек 4:3 кадр пішімінде ойнатылады. Blu-ray дискісінің қаптамасына қарап, тиісті функцияны таңдаңыз.</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өнім жұмыс істемейді. (Мысалы, қуат өшіріледі немесе ерекше дыбыс шығады.)</li> <li>• Өнім қалыпты түрде жұмыс істеп тұрған жоқ.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қашықтан басқару құралының <input type="checkbox"/> түймесін STANDBY (КҮТУ) режимінде 5 секунд басып ұстап тұрыңыз. Бұл өнім параметрлерін бастапқы қалпына келтіреді. <ul style="list-style-type: none"> <li>- RESET (БАСТАПҚЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТПУ) функциясын пайдаланғанда барлық сақталған параметрлер жойылады. Бұл функцияны қажет болмаса пайдаланбаңыз.</li> </ul> </li> </ul>
Рейтинг деңгейінің құпия сөзін ұмыттыңыз.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өнімге ешбір диск салмастан, <input type="checkbox"/> түймесін 5 секундтан артық басып, ұстап тұрыңыз. Экранда INIT жазуы көрсетіліп, барлық параметрлер әдепкі мәндеріне қайтарылады. <ul style="list-style-type: none"> <li>- RESET (БАСТАПҚЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТПУ) функциясын пайдаланғанда барлық сақталған параметрлер жойылады. Бұл функцияны қажет болмаса пайдаланбаңыз.</li> </ul> </li> </ul>
Радио таратылымдарын қабылдау мүмкін емес.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Антенна дұрыс жалғанған ба?</li> <li>• Егер антеннаның кіріс сигналы әлсіз болса, сыртқы FM антеннасын сигнал күшті жерге орнатыңыз.</li> </ul>
